дәлелдемелермен танысу, сондай-ақ сот талқылауына қатысу құқығы; өзінің кінәсіздігін қорғауға және дәлелдемелерді ұсынуға құқық. Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтық мәртебесінің халықаралық стандарттары. Халықаралық құқық күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарына да назар аударады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966), сондай-ақ Еуропалық адам құқықтары сотының практикалық қызметі күдіктілер мен айыпталушылар бірқатар құқықтарды пайдалануы керек, соның ішінде: күдікті мен айыпталушының құқықтық кепілдіктерінің қатарында: қорғану құқығы, өзіне тағылған айыптар жөнінде толыққанды ақпарат алу мүмкіндігі; кінәсіздік презумпциясы қағидатын сақтау; әділетті сот талқылауына қатысу құқығы; сонымен қатар, азаптау мен адамның ар-намысына нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу міндеттемесі ерекше орын алады. Кінәсіздік презумпциясы тұжырымдамасы халықаралық шарттарда да, сот практикасында да бекітілген халықаралық қылмыстық процестің негізгі қағидасына айналды.

Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғаудағы практикалық мәселелер. Қылмыстық процестің тәжірибесінде күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарының бұзылуына байланысты проблемалар жиі туындайды. Бұл заңсыз ұстауға, тағылған айыптар туралы хабардар болмауына, қорғаушыға немесе дәлелдеу фактілеріне қолжетімділіктің шектелуі қойылуына байланысты болуы мүмкін.

Бұнымен қоса, іс жүзінде кейбір елдерде, соның ішінде Ресейде, қылмыстық процестің барлық кезеңдерінде күдіктілердің құқықтарын жүзеге асыруда проблемалар бар, мысалы, ұзақ уақыт ұстау немесе заң көмегінің жеткіліксіз деңгейі.

Қазіргі Қазақстан жағдайында адам құқықтарының қамауда ұстау орындарында сақталуы ең күрделі құқықтық мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдікке ілінген, ресми түрде айып тағылған немесе соттың үкімімен кінәлі деп танылған тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдары мен қылмыстық-атқару жүйесінің қызметі айрықша маңызға ие.

Соңғы жылдары тергеу изоляторларында ұсталып отырған күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтық жағдайына қатысты елеулі құқыққа сәйкес өзгертулер енгізілуде. Қазіргі таңда бұл тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, құқықтық реттеу тетіктері жетілдірілді. Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасында толық көлемде кепілдендірілген. Сонымен қатар, бұл құқықтар Қазақстан Республикасы ратификациялаған бірқатар халықаралық құқықтық құжаттарда

да танылған. Қамаудағы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық деңгейде қорғанысты қамтамасыз ететін басты құқықтық актілердің қатарына: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция, Еуропалық пенитенциарлық қағидалар, Сотталғандармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттары жөніндегі БҰҰ ережелері, сондай-ақ Азаптаулар мен басқа да қатігез, адамгершілікке жат немесе қадір-қасиетті қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауға қарсы Конвенция жатады. Аталған құжаттар қамауда ұстау жағдайларында адам құқықтарын сақтаудың құқықтық іргетасын қалайды. Қазіргі кезеңде бостандығынан айырылғандарды ұстау мекемелері біртіндеп қоғамдық бақылауға қолжетімді бола бастады. Дегенмен, қамауда отырған азаматтардың құқықтары көбінесе бұзылады және бұл құқықтардың бұзылуы әрдайым қалпына келтіріле бермейді. Бұған басты себеп — қоғам мен құқық қорғау жүйесінде қалыптасқан стереотип, яғни қылмыстық-атқару жүйесі тек жазалауға бағытталған деген көзқарастың үстем болуы. Мұндай көзқарас адамның және қоғамның мүдделерін қорғау міндетіне қайшы келеді. Нәтижесінде, пенитенциарлық жүйе қызметкерлері тарапынан да, қоғам тарапынан да бұл тұлғалардың құқықтарына жеткілікті деңгейде назар аударылмайды.

Қазіргі кезеңде еліміздегі экономикалық және қаржылық тұрақсыздық, сондай-ақ қылмыстың артуы қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне елеулі кері әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, тергеу изоляторларында күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау жағдайлары, олардың материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етілу деңгейі бірқатар жағдайларда қолданыстағы заңнамалық талаптарға сай келмейтіні байқалып отыр. Мұндай түйткілдер жиі ескерусіз қалады. Осы орайда, қамауға алынған тұлғаларды ұстау орындарында және түзеу мекемелерінде құқықтық тәртіп пен заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселесі аса өзекті болып саналады. Қылмыстық процесте мұндай жағдайлар көбінесе күрделі құқықтық жағдайлармен — мысалы, қылмысқа қатысушылық, қылмыстардың көптігі, аяқталмаған қылмыстық әрекеттермен қатар жүруі де ықтимал.

Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтық мәртебесі қылмыстық процестің маңызды бөлігі болып табылады, әділеттілік пен жеке тұлғаның құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Қорғау құқығы, кінәсіздік презумпциясы, айыптау туралы ақпарат алу және сот талқылауына қатысу құқығы мемлекет мүдделері мен жеке адамның құқықтары арасындағы тиісті процестік тепе—теңдікті қамтамасыз етуге тиіс ең маңызды элементтер болып табылады. Бұл құқықтарды іске асыру ұлттық, сондай-ақ халықаралық стандарттарды ескере отырып, заңнама мен практиканы үздіксіз жетілдіруді талап етеді.

1.3 Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қамтамасыз ететін халықаралық стандарттардың рөлі

Халықаралық деңгейде күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған стандарттар қазіргі қылмыстық іс жүргізудің маңызды әрі күрделі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Аталған нормалар әділетті сот төрелігін іске асырудың және адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық тірегі ретінде мойындалады. Аталған нормалар халықаралық құқық шеңберінде әзірленіп, ұлттық заңнамаға енгізілуі арқылы мемлекеттердің құқықтық жүйесінде нақты іске асырылады. Олардың тиімді түрде қолданылуы — құқық бұзушылыққа қарсы күресте адамның заңды мүдделерін қорғау, әділеттілікті қамтамасыз ету және процестік кепілдіктерді нығайту үшін ерекше маңызды.

Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын халықаралық деңгейде қамтамасыз ету тетіктері — құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды құралдардың бірі болып саналады. Осы нормаларды ұлттық заңнамаға бейімдеу — адам құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін орындауының көрсеткіші ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында жалпыға бірдей танылған халықаралық құқықтық қағидаттар мен нормалар, сондай-ақ мемлекет тарапынан ратификацияланған халықаралық келісімдер ұлттық құқық жүйесінің құрамдас элементі ретінде танылатыны нақты белгіленген. Бұған қоса, Қазақстан Республикасы өз қызметінде халықаралық міндеттемелерді орындау мен адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді басты басымдықтарының бірі ретінде қарастырады. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мен Еуропа Кеңесі сияқты халықаралық ұйымдар қылмыстылықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласында отыздан астам құқықтық актілер қабылдады. Бұл құжаттарда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидалары кеңінен жарияланған. Қазіргі заманғы халықаралық құқық аясында күдіктілер, айыпталушылар және бас-бостандығынан айырылған өзге де контингентті ұстаудың құқықтық нормаларын айқын көрсететін бірнеше негізгі құжаттар бар. Солардың қатарында Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, сотталғандарды ұстауға қатысты Біріккен ұлттар ұйымы ұсынған Минималды стандартты қағидалар, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сотты жүзеге асыруға арналған Біріккен ұлттар ұйымының негізгі ережелері қамтылады. Бұнымен қоса,

қамаудағы және өзге де еркіндігінен айырылған адамдардың құқықтарын қорғауға бағытталып отырған қағидаттар жинағы және өзге де халықаралық деңгейде қабылданған құжаттар адам құқықтарын қамтамасыз етудің тиімді құқықтық негізін құрайды. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда Біріккен ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясымен қабылданған және халықаралық құқықтағы ең алғашқы әрі ықпалды актілердің бірі болып есептеледі. Бүгінгі таңда бұл құжат көптеген елдердің құқықтық жүйесіне, атап айтқанда, олардың ұлттық конституциялық және ішкі заңнамалық актілеріне елеулі әсер еткен, әмбебап және жалпыға міндетті құқықтық нормалардың көзі ретінде танылады.

Декларацияның нормаларында адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажетті жалпыадамзаттық құндылықтар қамтылған. Олар — бүкіл әлемдік қауымдастықтың жинақтаған құқықтық тәжірибесінің нәтижесі және өркениетті мемлекеттер бұл құндылықтардан төмен түспеуі тиіс ең төменгі құқықтық стандарттарды білдіреді [10].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы бастапқыда ұсынымдық сипатқа ие халықаралық құжат ретінде қабылданғанына қарамастан, ол уақыт өте келе жалпыға танылған халықаралық құқық актісі мәртебесін иеленді. Бұл мәртебе, ең алдымен, онда бекітілген ұстаным — әрбір адам мен әрбір мемлекеттік орган адам құқықтарын құрметтеу мен қамтамасыз етуге бар күшін салуы тиіс — кеңінен жүзеге асырылуымен байланысты.

А.П. Рыжаковтың пікірінше, бұл құжаттың нормалары ұстанымдық сипатқа ие болғанымен, уақыт өте келе көптеген мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында заңдық тұрғыда бекітілген [11].

1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт — Декларацияда бекітілген идеяларды одан әрі дамытқан маңызды халықаралық құжат. Бұл пакт қылмыстық-атқару қатынастарында қолданылатын негізгі принциптік стандарттарды қамтиды. Егер Декларация ұсынымдық сипатта болса, Пакт нормалары — оған қосылған мемлекеттер үшін міндетті сипаттағы халықаралық нормалар. аталған Пактта айыпталушы тұлғалардың құқықтық мәртебесіне қатысты бірнеше баптар бар. Мысалы, қамауға алынған адамдарға келесі міндетті құқықтар тиесілі болуы қажет: қамауға алынған тұлғаларға тағылған айыптың сипаттауы мен негізі түсінікті болатындай тілде және жедел түрде хабарлануы тиіс; өзінің қорғауын алдын-ала дайындауға жеткілікті мерзім мен мүмкіндік берілуі тиіс, бұның ішінде өзінің таңдап тұрған қорғаушымен еркін байланысу құқығы; іс бойынша шешім талапқа сай мерзімде шығарылуы тиіс. Сондай-ақ Пактта қамаудағы айыпталушылардың әртүрлі санаттарына жеке көзқараспен қарау қажеттігі алғаш рет атап өтілді. Мәселен, кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты олардың жас ерекшеліктері ескеріліп, қосымша құқықтар берілуі, сондай-ақ олардың білім алуы мен

тәрбиеленуіне жағдай жасалуы тиіс екені көрсетілген. Халықаралық стандарттардың мазмұндық топталуы. Күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстауға қатысты халықаралық актілер мазмұнына қарай келесі топтарға бөлінеді: Түрмелердегі ұстау жағдайларын анықтайтын стандарттар; Азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынасқа тыйым салатын құжаттар; Кәмелетке толмаған құқықбұзушылармен қарым-қатынас стандарттары.

Атап айтқанда, 1955 жылғы БҰҰ-ның Сотталғандарға қатынас жасаудың минималды стандартты ережелері — сотталған және тергеу изоляторларында отырған тұлғаларға қатысты талаптарды белгілейтін негізгі құжаттардың бірі. Онда ұстау жағдайларына қойылатын жалпы талаптармен қатар, тергеу барысында қамауға алынған тұлғалар үшін кінәсіздік презумпциясы ескеріліп, олардың ерекше мәртебесіне сай қарым-қатынас жасау қажеттігі де атап көрсетілген. Халықаралық ұйымдар тергеу барысында айыпты мойындату мақсатында күдіктілерге жасалған қатыгез және заңсыз әрекеттер туралы көптеген ақпараттар алып отырады. Мұндай әрекеттердің алдын алу мақсатында: 1975 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Барлық тұлғаларды азаптаудан және ар-намысты қорлайтын әрекеттерден қорғау туралы Декларацияны қабылдады; 1984 жылы осы ережелер негізінде Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жат немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттер мен жазалауларға қарсы Конвенция қабылданды.

Қазіргі таңда азаптауға тыйым салу — халықаралық құқықтың жалпыға танылған міндетті нормасы болып табылады. Күдіктілер мен айыпталушыларды қамауға алуға және оны іске асыруға байланысты халықаралық стандарттар мынадай негізгі принциптерге сүйенеді:

Қандай да бір құқықты бұзды деген негізбен күдікпен ұсталған тұлға заңнамамен белгіленген уақыт шегінде сот органдарына жеткізіліп, оны алдын ала қамауда ұстау немесе босату жайлы процессуалдық шешім шұғыл түрде қабылдануы қажет;

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралары тек адамның қылмыстық іске қатыстылығы нақты дәлелдермен расталған жағдайда, не болмаса оның тергеуден жасырыну, жаңа құқық бұзушылық жасау немесе әділ сот төрелігінің жүзеге асуына кедергі келтіру қаупі туындағанда ғана қолданылуға тиіс. Мұндай шектеу шарасын таңдағанда құқық бұзушылықтың сипаты, оның қоғамға келтіретін қаупінің деңгейі, сондай-ақ тұлғаның тәртібі мен әлеуметтік мінездемесі жан-жақты қарастырылуы қажет. Егер жасалған құқық бұзушылық үшін жаза ретінде бас бостандығынан айыру көзделмеген болса, онда қамауға алуға жол берілмеуі қажет; Мүмкіндігінше, бас бостандығынан айырумен байланысты емес балама бұлтартпау шараларын қолдану басымдыққа ие болуы керек. Оларға: кепіл енгізу арқылы босату, жеке кепілгерлік, кәмелетке

толмағандарды арнайы мекемелерге орналастыру секілді әдістер жатады. Күдіктілер мен айыпталушылар өз құқықтары, соның ішінде құқықтық көмек алу мүмкіндігі туралы хабардар етілуі тиіс; қамауға алу негіздері туралы құжаттарды алу құқығы, сондай-ақ заңсыз ұстау кезінде босатылу құқығы қамтамасыз етілуі тиіс; жақын туыстарымен хат алмасу және кездесу құқығы шектеулі, бірақ ақылға қонымды түрде қамтамасыз етілуі керек; алдын ала қамауға алу тек сот шешімі негізінде, ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылуы тиіс;

Қамауда отырған тұлғаларға қатысты тергеу жедел түрде жүргізілуі, алдын ала ұстау мерзімі барынша қысқартылуы қажет;

Сот үкім шығарған кезде алдын ала қамауда болған уақытты жаза мерзіміне есептеу міндетті [12].

Халықаралық құқықтық құжаттарды талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: халықаралық ұйымдардың алғашқы кезеңдегі қызметінде барлық адамдарға тән ажырамас құқықтар мен бостандықтарды жариялау басымдыққа ие болған. Бұл құқықтар бүкіләлемдік қауымдастық тарапынан жалпыға танылған құндылықтар ретінде мойындалған. Алайда уақыт өте келе халықаралық қауымдастық назарын қылмыстық-атқару құқықтық қатынастарында қатысушы жеке санаттағы тұлғалардың арнайы құқықтық мәртебесін айқындауға бағыттай бастады. Бұл үрдіс, әсіресе, кәмелетке толмағандар, қамауға алынғандар секілді осал топтар үшін құқықтық жағдайды демократияландыру бағытымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, қазіргі күнге дейін тергеу изоляторларында ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғауға арналған бірыңғай халықаралық стандарттар әзірленбеген. Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған халықаралық құқықтық құжаттарда ұстау мен қамауға алуға қатысты нормалар бар, алайда олар жалпылама сипатта және алдын ала тергеу барысында қамауда ұстауға да, бостандықты айыру түріндегі жазаға да бірдей қолданылады.

Бүгінгі таңда бас-бостандығынан айырумен байланысты бұлтартпау шараларын таңдауға және қолдануға қатысты халықаралық құқықтық нормалардың ықпалын зерттеу мәселесіне ұлттық және халықаралық құқық қорғау ұйымдары тарапынан айрықша назар аударылуда. Қамауға алудан өзге де баламалы бұлтартпау шараларының саны артып келе жатқанына қарамастан, қамауға алу шарасы әлі де жиі қолданылады. Бұл мәселе Еуропалық адам құқықтары сотының (ЕАҚС) шешімдері арқылы ерекше өзектілікке ие болды. Сотқа қамауға алу шарасын таңдаудың негізсіздігі, ұстау жағдайларының нашарлығы, сондай-ақ адам құқықтарының өзге де бұзылу фактілері бойынша көптеген жеке шағымдар келіп түсуде. ЕАҚС қабылдаған шешімдер ұлттық соттарға құқықбұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау міндетін жүктеп, ұлттық заңнаманы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау

туралы Еуропалық конвенцияның нормаларына сәйкестендіру қажеттігін көрсетеді. Алайда қазіргі кезде бірқатар реттелмеген мәселелер сақталуда. Бұл, ең алдымен, қылмыстық-процессуалдық тұрғыдан қамауға алу тәртібінің нақты құқықтық реттелмеуімен, сондай-ақ осы бұлтартпау шарасын орындау процесінің халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмеуімен байланысты.

Мәселен: тергеу изоляторларындағы ынталандыру және жазалау шараларының жетілмеген жүйесі; кәмелетке толмағандардың қамауда отырған кезде жалпы білім алуына мүмкіндіктің болмауы; күдіктілер мен айыпталушыларға туыстарымен кездесу және телефон арқылы сөйлесу құқығының тым шектелуі;

Барлық қамаудағы адамдардың жазысқан хаттарының түгелдей цензуралануы. Осылайша, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын орындау тәжірибесі мен қылмыстық-атқару құқығы теориясы тұрғысынан бұл мәселенің өзектілігі жоғары.

Халықаралық стандарттар — бұл түрлі мемлекеттердің тарихи тәжірибесіне негізделген және халықаралық деңгейде қабылданған, қамаудағы күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты ұстау тәртібін және осы шараны орындайтын мекемелердің жұмысын реттейтін нормалар, қағидалар мен ұсынымдар жиынтығы. Олар халықаралық құжаттарда танылып, заңдық тұрғыдан бекітілген. Мұндай халықаралық стандарттарды реттеу дәрежесіне қарай келесі үш топқа жіктеуге болады: Тікелей қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына арналған халықаралық-құқықтық құжаттар; бостандықтан айыру түріндегі жазаны орындауды реттейтін, бірақ сонымен бірге қамауға алу мәселесін де қамтитын құжаттар; адам құқықтарына қатысты жалпы актілер, олардың кейбір баптары тікелей қамаудағы тұлғаларға қатысты.

ҚР заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша ұсыныстар. Кездесу саны мен ұзақтығы. Қазақстан заңнамасын, атап айтқанда Еуропалық пенитенциарлық ережелердің 24-тармағына және Сотталғандарға қатынас жасаудың 37-тармағына сәйкес келтіру мақсатында, ҚР 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-І Заңының 17-бабының 2-бөлігін келесідей редакциялау ұсынылады: Қылмыстық қудалау жүргізуші органның не соттың жазбаша түрдегі келісімі болған жағдайда, күдікті мен айып тағылған адамға ай сайын үш мәрте туыстары немесе өзге де азаматтармен бір сағат көлемінде кездесу өткізуіне мүмкіндік беріледі. Ерекше жағдайларда (жақын адамның қайтыс болуы, ауыр ауруы) кездесулер саны төртке дейін ұлғайтылуы мүмкін. Телефон арқылы сөйлесу құқығы. Сәйкестендіру мақсатында ҚР аталған Заңының 16-бабы 1-тармағының 20-тармақшасына мынадай жаңа норма енгізу ұсынылады:

Күдіктілер мен айыпталушылар қылмыстық іс жүргізіп жатқан органның немесе соттың рұқсатымен айына екі рет ақылы түрде телефонмен он минут сөйлесу құқығына ие. Ерекше жеке жағдайларда және техникалық мүмкіндік болғанда, бұл сан төртке дейін көбейтілуі мүмкін. Телефонмен сөйлесу тәртібін

қамауда ұстау орнына жауапты атқарушы орган анықтайды. Хат-хабар алмасуға қатысты цензураны жою. Қазақстан Республикасының аталған Заңының 19-бабының 2-бөлігіне мынадай мазмұндағы түзетулер енгізу қажеттілігі туындайды: Күдіктілер мен айыпталушылардың жазбаша хат-хабар алмасуы тек қамауда ұстау орнының әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады.

Хат-хабарды тексерістен өткізу (цензура) тек қана сот қаулысының негізінде және іс бойынша аса қажеттілік туындаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Цензуралау процесін іс жүргізіп жатқан орган немесе уәкілетті лауазымды тұлға жүзеге асырады. Білім беру құқығы. Еуропа Кеңесінің № R (89) 12 "Түрмеде білім беру туралы" ұсынымының 1-тармағымен және Қазақстан заңнамасының арасында қайшылықты жою үшін, тергеу изоляторларында отырған кәмелетке толмағандарға орта (толық) жалпы білім алуға жағдай жасау міндеті қалпына келтірілуі қажет.

2 Тергеу изоляторында күдіктілер мен айыпталушыларды ұстаудың ұйымдық-құқықтық аспектілері

2.1. Тергеу изоляторының жұмыс істеуінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына және қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты тергеу изоляторлары (бұдан әрі – ТИЗО) – бұл соттың санкциясымен қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалған күдікті және айыпталушы тұлғаларды уақытша ұстауға арналған арнаулы мекемелер болып табылады. Тергеу изоляторлары заңды тұлға мәртебесіне ие болып табылады және оларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жүзеге асырылады.

Тергеу изоляторы – бұл тергеу аяқталғанға дейін күдіктілер мен айып тағылған тұлғаларды уақытша қамауда ұстауға арналған арнайы режимдегі мекеме. Мұндай орындардың негізгі мақсаты – сотқа дейінгі қылмыстық процеске кедергі келтірмеу, тергеуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күдіктінің қашып кетуінің алдын алу. Тергеу изоляторының ішкі тәртібі нақты нормативтік актілермен реттеледі және қамауда отырған тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін заңдық негізде айқындайды. Қамауда ұсталатын орындарда қалыптасқан жағдайларда адам құқытарын қорғаудың іргелі қағидаттарына сәйкес болуы қажет. Айта кетсек, мұндай мекемелерде гуманистік көзқарас, заң үстемдігі және тұлғаның кінәсіз деп танылу презумпциясы толық көлемде сақталуға міндетті. Қазіргі таңда мұндай мекемелер қылмыстық-атқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылып отыр[14].

Ұлттық қауіпсіздік органдарына қарасты тергеу изоляторларының болуы – қылмыстарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және тергеу сияқты арнайы операциялық-ізвестіру іс-шараларын жүргізу ерекшелігімен түсіндіріледі. Аталған істер алдын ала тергеу мен анықтау органдарының құзыретіне жатады.

Тергеу изоляторларының қаржыландырылуы мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етіледі (ҚР ҚПК 149-бабы, ҚР 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 Заңының 7 және 8-баптары). Тергеу изоляторларының негізгі міндеттері. Қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес, тергеу изоляторлары келесі негізгі міндеттерді орындайды: қамауға алынған тұлғаларды ұстау тәртібін ұйымдастыру және қамтамасыз ету; заңды күшіне енген сот үкімдерін орындау;

Қамауға алынғандардың қашу, тергеу амалдарына кедергі келтіру немесе қылмыстық бұзушылықты одан әрі жалғастыру мүмкіндігін болдырмау мақсатында тиісті оқшаулау мен күзетуді қамтамасыз ету; қамауда ұсталатын

арнайы контингент үшін қажетті тұрмыстық жағдайларды жасау және медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

ҚР ҚАК 88-бабы 4-бөлігіне сәйкес, тергеу изоляторында шаруашылық қызметке тартылған сотталғандар мен арестке кесілген тұлғаларға қатысты жазаларды орындау. Құқықтық қамтамасыз ету және басқару негіздері. Құқықтық қамтамасыз ету – бұл қылмыстық-атқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасайтын, құқықтық реттеу құралдарының жиынтығы [15, 64 б.]. Мемлекеттік қызметкерлердің, соның ішінде пенитенциарлық мекеме қызметкерлерінің кәсіби қызметінің табысты болуы – құқықтық нормалардың анықтығына және оларды қолдану тетіктерінің тиімділігіне тікелей байланысты.

Құқықтық реттеу әлеуметтік қатынастарды үйлестіретін негізгі механизмдердің бірі бола отырып, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, қоғам мүддесін қорғайды, жасалған құқықбұзушылықтар үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын және келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз етеді. Тергеу изоляторлары қызметінің құқықтық негіздері

Тергеу изоляторларындағы ұстау режимі келесі нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі: Халықаралық құқықтық құжаттар, қамауға алуды орындау тәртібін белгілейтін; Қазақстан Республикасындағы тергеу изоляторлары қызметінің құқықтық негіздері. Күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау тәртібі мен олардың құқықтық мәртебесі келесі нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, онда сотталғандардың құқықтық жағдайы мен тергеу изоляторларындағы ұстау режимі нақты көрсетілген; сондай-ақ 1999 жылдың 30 наурызындағы №353-1 «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі №505 бұйрығымен бекітілген ішкі тәртіп ережелері және осы саладағы басқа да нормативтік актілер басшылыққа алынады. Конституциялық кепілдіктер мен заңдық шектеулер. Қамауда отырған тұлғаларды ұстау режимін ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген негізгі құқықтар мен бостандықтарды сақтау басты міндет болып табылады. Атап айтқанда, заң мен сот алдындағы теңдік принципі, азаптауға және басқа да адамгершілікке жат немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттерге жол бермеу қағидасы, ар-ождан еркіндігі мен діни сенім бостандығы, денсаулықты сақтау және медициналық көмек алу құқығы, сондай-ақ кінәсіздік презумпциясы – бұлтартпас құқықтық кепілдіктер болып табылады.

Аралас қауіпсіздік мекемелерінде ұсталатын тұлғаларға қатысты олардың кейбір конституциялық құқықтары шектеуге ұшырауда. Бұл шектеулер, ең алдымен, жеке бас еркіндігі, жеке өмірге қол сұқпаушылық, хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, пошта және өзге де байланыс арналары арқылы алынған ақпараттың құпиялығын сақтау, сондай-ақ еркін жүріп тұру және тұрғылықты мекен жайын өз еркімен таңдау құқықтарына қатысты қолданылады.

Алайда бұл құқықтар сот шешімімен және ҚР №353-1 Заңының 15-19 баптарында көзделген негіздер бойынша ғана шектелуі мүмкін. Режим талаптарының мазмұны мен реттелуі. Тергеу изоляторындағы ұстау тәртібі режим деп аталады және оны қамтамасыз ету мақсатында ішкі тәртіп ережелері бекітіледі (14, 15-баптар). Бұл режимнің мақсаты – күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасау, олардың шектелуіне жол бермеу. Негізгі құқықтарға мыналар жатады: Қорғаушы, туыстары және өзге де тұлғалармен кездесуге құқық; жеке қауіпсіздікке құқық; жазысу құқығы. Қосымша регламенттер және нормалар. Ішкі тәртіп ережелерінде: оқшаулау талаптары; ынталандыру және тәртіптік жауапкершілік шаралары; дисциплинарлық изоляторда ұстау тәртібі; зиян келтіргені үшін материалдық жауапкершілік; тергеу изоляторларындағы тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында физикалық күшті, арнайы құралдарды және атыс қаруын қолданудың нақты реттелген тәртібі көзделген. Бұл шаралар тек заңда белгіленген негіздер мен жағдайларда ғана іске асырылуы тиіс. Аталған нормалар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» бұйрығымен айқындалып, нақтылады. Бұл құжат құқық қорғау органдарының қызметкерлері қандай жағдайда, қандай құралдарды және қандай көлемде қолдануға құқылы екенін нақты көрсетеді, сондай-ақ күш қолдану салдарынан азаматтардың құқығы мен бостандығы бұзылмауын қамтамасыз етуге бағытталған. Қорытынды ереже. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі №505 бұйрығы – тергеу изоляторларының ішкі тәртібін реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілердің бірі болып табылады. Аталмыш ереже тергеу изоляторларында қамауда отырған күдікті және айыпталушы тұлғалардың құқықтық жағдайын айқындаумен қоса, мекеменің әкімшілігі мен арнайы контингент арасындағы қатынастарды да нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттейді. Бұл құжат тергеу изоляторында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің аса маңызды құқықтық тетеігі ретінде маңызды мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі №505 бұйрығы тергеу изоляторларының ішкі тәртіп ережелерін бекітетін маңызды нормативтік акт болып табылады [16].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты тергеу изоляторларында қолданыстағы ішкі тәртіп ережелері — күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтық мәртебесін қамтамасыз етумен қатар, олар мен мекеме әкімшілігі арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін маңызды нормативтік негіз болып табылады. Бұл ережелер күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын сақтау мен мекеме тәртібін қамтамасыз ету мақсатында бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды:

- Камераларға қабылдау және орналастыру тәртібі – жаңа келген тұлғаларды тіркеу, медициналық тексеру жүргізу және олардың қауіпсіздігін ескере отырып орналастыру тәртібі нақты белгіленген;

- Жеке тінту, дактилоскопиялау, суретке түсіру және жеке заттарды тексеру – мекемеге кіргізу кезінде және қажеттілік туындаған жағдайда қауіпсіздік мақсатында жүзеге асырылады;

- қолдануға немесе сақтауға тыйым салынған заттар мен өнімдерді анықтау және тәркілеу-заңнамада белгіленген арнайы тізімге сәйкес келетін заттар табылған жағдайда оларды тәркілеу тәртібі іске асырылады;

- Материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету – тергеу изоляторында қамауда ұсталуда отырған тұлғалардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында төсек-жабдық, киім-кешек, ас ішетін ыдыс-аяқ және жеке гигиена құралдарымен қамсыздандыру нормаларын көздейді. Бұл ішкі тәртіп ережелері тергеу изоляторларында құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және мекемелердің заң талаптарына сай қызмет етуіне негіз болады.

Тамақ өнімдерін, бірінші қажеттіліктегі тауарларды және өнеркәсіптік бұйымдарды сатып алу тәртібі; сәлемдемелер мен бандерольдерді қабылдау және беру; хаттар, телеграммалар мен ақша аударымдарын алу және жолдау; ұсыныстар, өтініштер мен шағымдарды беру; діни рәсімдерді орындау; жұмысқа тарту; отбасы және азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысу; газеттер мен журналдарға жазылу; медициналық және санитарлық қызмет көрсету; күнделікті серуен ұйымдастыру; қорғаушымен, туыстарымен және басқа да тұлғалармен кездесулер өткізу және басқа да мәселелер.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №505 бұйрығында ҚР «Арнайы мекемелерде ұстау тәртібі туралы» заңына қарағанда күдіктілер мен айыпталушылардың міндеттерінің неғұрлым нақты және кеңейтілген тізбесі берілген. қамауда ұстау режимін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық актілер. Тергеу изоляторларындағы режимге қатысты негізгі нормативтік құқықтық акт – бұл: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі №113-қбпү бұйрығы –Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға күзет пен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы. Аталған құжатта келесі

ұғымдарға анықтама беріледі: Қамауда ұстау режимі; Қадағалау; Ішкі бекет (тұрақты және уақытша). Құжатта мекеме ішіндегі қадағалау жоспарының құрылымы сипатталады, сонымен қатар тергеу изоляторы бастығынан бастап камерадағы пост қызметкеріне дейінгі лауазымды тұлғалардың қадағалауға қатысты міндеттері нақты белгіленеді. Қызметті ұйымдастыру мен арнайы шараларды қолдану тәртібі. бұйрықта мынадай қызметтік рәсімдер реттеледі: кезекші ауысымның қызметке кірісу және тапсыру тәртібі; әр түрлі бекеттерде қадағалау қызметін ұйымдастыру тәртібі; күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды және басқа да тұлғаларды жеке тінту, олардың заттарын, камераларды техникалық тексеру; жұмыс құралдарын есепке алу, сақтау және беру тәртібі; қадағалауды қамтамасыз ету үшін байланыс құралдары мен арнайы техниканы пайдалану тәртібі; психикалық немесе эмоционалдық бұзылысы бар тұлғаларды жеке камераға немесе уақытша оқшаулау бөлмесіне орналастыру тәртібі; шаруашылық қызметке тартылған сотталғандарға қатысты қадағалау жүргізу тәртібі; физикалық күш, арнайы құралдар мен газды қаруды қолдану негіздері мен шарттары, оларды қолдану кезінде толтырылатын құжаттар; төтенше жағдайлар немесе ерекше тәртіп енгізілген кездегі қадағалау мен режимді қамтамасыз ету тәртібі. Сондай-ақ, төмендегі тәуекел жағдайларында әрекет ету алгоритмдері нақты айқындалады: Тұрмыстық жүйелерде апат болғанда; Көптеген адамдардың улану жағдайында; Қызметкерге шабуыл жасалғанда; Жаппай бағынбаушылық немесе тәртіпсіздік болғанда; тұтқындар кепілге алынғанда; Қашып кету әрекеті жасалғанда [17].

Айта кету керек, қолданыстағы ведомстволық нормативтік актілер тергеу изоляторларындағы және түрмелердегі ұстау режиміне бірдей талаптар қояды. Бұл тәсіл біркелкі емес деп бағалануы тиіс, себебі аталған мекемелерде ұсталып отырған адамдардың құқықтық мәртебесі мен процессуалдық жағдайы әртүрлі.

Мәселен, тергеу изоляторларында қамаудағылардың кінәсі сотпен дәлелденбеген, яғни олар кінәсіз деп есептеледі және қылмыскер болып танылмаған. Ал атқару мекемелерінде – соттың үкімімен кінәсі толықтай дәлелденіп, заңды күшіне енген белгіленген шешім бойынша сотталған, сондай-ақ аса қауіпті немесе тәртіпті ұдайы түрде бұзатын тұлғалар ұсталады.

Режимді реттейтін қосымша нормативтік база. Тергеу изоляторларындағы режимге қатысты нормативтік актілердің қатарына: ҚР ІІМ 2017 жылғы 20 ақпандағы №36-қбпү бұйрығы - Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталып отырған адамдардың мінез-құлқына бақылау және қадағалау, сондай-ақ тінту және тексеру шараларын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы да жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (ҚАК) 7-бабына сәйкес, сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының бірі – жазаны орындау

мен өтеу тәртібі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (ҚАК) 97-бабының 1-бөлігіне сәйкес, режим дегеніміз – бұл жазаны өтеу тәртібі, ол сотталғандарды күзету, оқшаулау және олардың әрекеттеріне тұрақты бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталған, заңмен және сол заңға сәйкес қабылданған нормативтік актілермен бекітілген ережелер жүйесі болып табылады.

Яғни, режим – қылмыстық-атқару мекемелерінің ішіндегі құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, сотталғандардың құқықтары мен міндеттерін нақты реттейтін құқықтық және ұйымдастырушылық механизм болып табылады.

Алайда тергеу изоляторларына қатысты мұндай анықтама Қылмыстық-атқару кодексінде бекітілмеген. Ал «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында қамтылған "қамауда ұстау режимі" ұғымы тек күдіктілер мен айыпталушыларды ғана қамтиды. Бұл – осы заңның осал тұсы, өйткені тергеу изоляторларында сотталғандар да ұсталады.

Осы олқылықты жою үшін мынадай ұсыныс беруге болады: ҚР ҚАК-нің 97-бабының 1-бөлігін мынадай мазмұнмен толықтыру ұсынылады: Тергеу изоляторларындағы режим дегеніміз – қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген немесе ресми түрде айып тағылған адамдарды, сондай-ақ шаруашылық жұмыстарына тартылған немесе уақытша осы мекемелерге орналастырылған сотталғандарды ұстау тәртібі мен жағдайларын құқықтық тұрғыда реттейтін, олардың заңмен кепілдендірілген құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы құқықтық режим. Бұл тәртіп қолданыстағы заңнама мен ведомстволық нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген нормаларға негізделеді. Сонымен бірге, 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-І ҚР Заңының 15-бабының 1-бөлігін келесідей редакциялау ұсынылады: қамауда ұстау мекемелерінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің талаптарына сәйкес арнайы режим енгізіледі. Бұл режим күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғауды, олардың міндеттерін орындауын, оқшаулау шарттарын қамтамасыз етуді және сонымен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген процестік міндеттерді жүзеге асыруды көздейді.

Тергеу изоляторлары — бұл қылмыстық процеске тартылған, яғни күдікті, айыпталушы немесе сот үкімі заңды күшіне енген сотталған азаматтарға қатысты қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын жүзеге асыратын арнайы мекемелер болып табылады. Аталған мекемелер әкімшілік құқықтық қабілеттілікке ие және өзіндік ерекше әкімшілік-құқықтық мәртебесі бар түзету мекемесі ретінде танылады. Тергеу изоляторларының әкімшілік-құқықтық

мәртебесі — бұл: құқықтар мен міндеттердің жиынтығы; заң алдындағы жауапкершілік; құрылымдық бөлімшелердің бағыныстылығы мен өзара қарым-қатынасы.

Аталған мәртебе мекеменің ұйымдастырушылық және функционалдық негізін құрайды. Тергеу изоляторларының құқықтық ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін мұндай мекемелердің жүйеаралық сипатын және құқық қорғау органдарымен байланысын ескеру қажет. Тергеу изоляторларының құқықтық мәртебесі кешенді құрылыммен сипатталады, өйткені оның жекелеген құрамдас бөліктері өзара тығыз байланыста болып, бірін-бірі толықтырып отырады. Атап айтқанда, бұл мекемелер қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің құрылымында құқық қорғау органдарына тән бірқатар біршама міндеттерді атқарады.

Мекеменің негізгі міндеттеріне: күдіктілер мен айыпталушыларды оқшаулау, тәртіпті орнату және сақтау, ҚР ІІМ №505 бұйрығында бекітілген ішкі тәртіп ережелерін жүзеге асыру жатады. Тергеу изоляторларының құқықтық базасы басқа түзету мекемелеріне қарағанда кеңірек. Бұл база келесі актілерден тұрады: Қазақстан Республикасының Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы заңы; Ведомстволық және ішкі нормативтік актілер, соның ішінде режим мен жазаны орындау тәртібін реттейтін ережелер.

2.2. Күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау шарттары

Күзетпен ұстау орындарында қамауға алынған күдікті мен айыпталушылардың құқытарының сақталуын, олардың заңда көзделген міндеттерін орындауын, сонымен қатар процессуалдық оқшаулау шаралары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінде бекітілген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы құқықтық режим енгізіледі. Тергеу изоляторларында бұл режимді сақтау және іске асыру мекеме әкімшілігінің және ондағы қызмет атқаратын уәкілетті лауазымды тұлғалардың құзыретіне тікелей жатады. Бұл органдар мен қызметкерлер өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады. Тергеу изоляторларында режимді қамтамасыз ету — күдіктілер мен айыпталушылардың қауіпсіздігін сақтауға, ішкі тәртіп ережелерін мүлтіксіз орындауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар кешенін білдіреді. Бұл шаралар жеке құрамның тәулік бойғы кезекшілігі, бейнебақылау жүйелерін пайдалану және мекеме ішіндегі қозғалысты шектеу арқылы іске асырылады. Сонымен қатар, тәртіп

пен режимді сақтау үшін изолятор қызметкерлерінің кәсіби даярлығы мен психологиялық тұрақтылығы ерекше маңызға ие[18].

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторлары өздеріне жүктелген негізгі міндеттермен қатар, әртүрлі категориядағы адамдардың келіп түсуіне байланысты бірқатар арнайы функцияларды да орындайды. Атап айтқанда, олар транзиттік-басқару бөлімшелері ретінде де әрекет етуі мүмкін. Бұл жағдайда тергеу изоляторлары жазаны өтеу орнына дейін уақытша ұстау және жөнелту қызметін атқарады.

Осыған байланысты тергеу изоляторларында келесі тұлғалар ұсталуы мүмкін: күдіктілер мен айыпталушылар – олардың істері тергеу және анықтау органдарымен іс жүргізуге қабылданған. Күдікті деп танылады: күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған адам; ҚР ҚПК 131-бабы бойынша ұсталған адам; күдіктінің әрекеті сараланған қаулысы шығарылған адам; қылмыстық құқықбұзушылыққа күдікпен жауап алынған адам.

Қылмыстық іс жүргізу барысында тұлғаның құқықтық мәртебесі тергеу органдарының процессуалдық шешімдеріне байланысты өзгеріп отырады. Күдіктіге айып тағылған сәттен бастап, ол айыпталушы ретінде танылады, ал іс тоқтатылған жағдайда бұл мәртебеден айырылады. Мұндай өзгерістер құқық қорғау органдарының іс жүргізу актілерінің негізінде жүзеге асады[19]. Айыпталушылар – бұл санатқа келесі негіздермен тұлғалар жатады: айыптау актісі прокурормен бекітілген; шағын ауырлықтағы қылмыс жасаған жағдайларда бұйрықтық іс жүргізу тәртібі қолданылады; қылмыстық құқықбұзушылық туралы жасалған хаттама бекітіліп, іс сотқа жолданады; тергеу процесі тараптардың процессуалдық келісімге келуімен аяқталады; анықтау органының басшысы бұйрықтық іс жүргізуді мақұлдайды; сотталушылар санатына сотқа айыпталушы ретінде істері жолданған азаматтар жатады; үкімі шығарылғанмен, заңды күшіне енбеген тұлғалар – сотталғандар болып есептеледі; үкім заңды күшіне енген сотталғандар жазасын өтеу үшін мекемеге жіберілгенге дейін ТИЗО-да уақытша қамалады; ТИЗО-да шаруашылық-тұрмыстық қызмет көрсету үшін қалдырылған немесе арнайы шешіммен ауыстырылған сотталғандар да осы санатқа кіреді; басқа мекемелерден тергеу әрекеттеріне немесе сот тыңдауларына қатысу үшін ТИЗО-ға жеткізілген сотталғандар да қарастырылады; басқа іс бойынша жаңа айып тағылған, және оларға қамауда ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған тұлғалар. ҚР ҚАК 88-бабының 4-бөліміне сәйкес, басқа мекемелерден ТИЗО-ға аударылғандар; қамауға алу жазасын өтеушілер; сот шешімімен психиатриялық емдеуге арнайы ауруханаға жіберілетіндер; экстрадициялық қамауға алынған тұлғалар.

Күдікті, айып тағылған және сот үкімі шыққан тұлғалар (бұдан әрі – қамақтағылар) әдетте жабық камераларда ұсталады. Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасының 32-бабына сәйкес, тұлғаларды камераларға орналастыру кезінде олардың жеке мінез-құлық ерекшеліктері мен психологиялық жай-күйі міндетті түрде ескерілуі тиіс. Егер мекемеде қажетті жағдай жасалса, темекі шегетін азаматтар темекі шекпейтіндерден оқшауланып орналастырылады. Камераларға орналастыру барысында бірқатар құқықтық және ұйымдастырушылық қағидаттар қатаң сақталуы тиіс. Атап айтқанда, ерлер мен әйелдер бөлек камераларда ұсталуы қажет; кәмелетке толмағандар ересек тұлғалардан оқшауланып орналасытырылады, дегенмен тәрбиелік ықпал ету мақсатында оң мінездемесі бар ересектерді жасөспірімдерден бірге ұстауға рұқсат беріледі; алғаш рет қылмыстық жауапкершілікке тартылып отырған адамдар бұрын сотталғандардан бөлек ұсталулары тиіс; ал сот үкімі заңды күшіне енген тұлғалар басқа тергеудегі не айып тағылған азаматтармен бір камера ұстауға рұқсат етілмейді; бір қылмыстық іс немесе байланысты істер бойынша күдікке ілінгендер немесе айыпталғандар бір камераға бірге орналастырылмайды.

Жеке ұстау тәртібі, әдетте, құқықтық немесе қауіпсіздік тұрғысынан жоғары тәуекел тудыратын тұлғаларға қолданылады. Жеке құқықтық тәртіппен ұсталуы қажет адамдардың қатарына мыналар жатады: ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деген негізде күдік келтірілген немесе айып тағылған тұлғалар; қылмыстық әрекетті қайталап жасағаны үшін жоғары қауіпті санатқа жатқызылған сотталғандар; сот үкімімен өлім жазсаына кесілген адамдар; сондай ақ заңнамамен белгіленген ерекше құқықтық жағдайларда - шет мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар. Бұрын немесе қазіргі уақытта судья, адвокат, құқық қорғау немесе қауіпсіздік құрылымдарында, прокуратура, кеден, қаржы мониторингі, Ұлттық ұлан немесе Қарулы Күштерде қызмет атқарған азаматтар; ТИЗО әкімшілігінің не тергеу органының қорытындысы негізінде өз өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген тұлғалар; инфекциялық сырқатпен ауыратындар не ерекше медициналық көмекті қажет ететіндер. Жеке камераға орналастыру тәртібі: Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына сәйкес, азаматты жеке камераға 24 сағаттан артық мерзімге орналастыру ТИЗО бастығының дәлелді қаулысы мен прокурордың келісімі негізінде жүзеге асырылады. Алайда, келесі жағдайларда прокурордың рұқсаты талап етілмейді: егер жоғарыда аталған бөлек ұстау шарттарын сақтау мүмкін болмаса; қамауда отырған адамның немесе өзге де тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болғанда; қамаудағы адамның өзі жеке ұстау туралы жазбаша өтініш білдірсе; түнгі уақытқа жеке камераға, ал күндіз жалпы камераға орналастыру жүзеге асырылған жағдайда.

Жаңадан келіп түскен тұлғалар тергеу изоляторының тәртіп ережелерімен, ұстау жағдайларымен танысу, денсаулық жағдайын бағалау, санитарлық-

гигиеналық шаралар мен психологиялық тексеруден өткізу мақсатында 15 тәулікке дейін карантиндік бөлімге орналастырылады.

Инфекциялық ауруы бар адамдар өзге қамақтағылардан бөлек ұсталады. Бұл ретте карантиндік бақылау кезеңінің ұзақтығы медициналық қорытынды негізінде белгіленеді. Қазақстан Республикасында қамауда ұсталатын тұлғалармен құқықтық тәртіпті сақтау мен заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қорғаныс министрлігі қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікке ілінген немесе айып тағылған тұлғаларды күзетпен ұстау тәртібін айқындайтын ішкі тәртіп қағидаларын (бұдан әрі – Ішкі тәртіп қағидалары) бекітеді.

Аталған қағидалар аясында тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғаларға қатысты бірқатар негізгі бағыттар нақты айқындалады. Олардың қатарына: күдіктілер мен айып тағылғандарды қабылдау, камераларға орналастырудың жалпы тәртібі; жеке тінту, дактилоскопиялық тіркеу, фотобейнелеу және жеке заттарын тексеру рәсімдері; ұсталуы немесе қолданылуы заңмен тыйым салынған заттар мен бұйымдарды тәркілеу тәртібі; қамаудағыларды тұрмыстық және материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз ету шаралары; азық-түлік, бірінші қажеттіліктегі бұйымдар мен өнеркәсіптік тауарларды сатып алу мүмкіндігі; сәлемдемелер мен бандерольдерді қабылдау және жөнелту тәртібі; сондай-ақ хат-хабарлар, жеделхаттар мен ақшалай аударымдарды алу және жолдау ережелері жатады. Күдіктілер мен айыпталушылардың өтініш, арыз және шағымдарын жолдау құқығын іске асыру тәртібі; Діни рәсімдер мен ғибадаттарды орындау үшін қажетті жағдай жасау; қамауда отырған айыпталушыларды еңбекке тарту тәртібі; отбасылық және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысу механизмдері; газеттер мен журналдарға жазылу мүмкіндігін ұсыну; медициналық және санитарлық қызмет көрсету тәртібі; күн сайын серуендету құқығын жүзеге асыру; заңың 17-бабында көзделген тұлғалармен кездесу мүмкіндігін қамтамасыз ету; тергеу әрекеттері мен сот отырыстарына қатысуды ұйымдастыру; ұстау орнындағы әкімшілік басшысы мен уәкілетті өкілдерінің жеке қабылдау өткізу тәртібі; күзетпен ұстау орындарында қайтыс болғандардың мәйіттерін беру рәсімі; көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолдану негіздері; күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудан босату тәртібі.

Бұнымен қоса, Ішкі тәртіп қағидааттарында: күдіктілер мен айыпталушылардың мінез-құлық нормалары; пайдалануға және өзімен бірге сақтауға рұқсат етілетін азық-түлік, жеке тұтыну заттары, аяқ киім, киім-кешек және өнеркәсіп тауарларының тізімі мен мөлшері; сондай-ақ, ақылы негізде ұсынылатын қызмет түрлерінің тізімі бекітіледі. Тергеу изоляторларындағы ішкі тәртіп қағидаты күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен міндеттерінің нақты шектелуін, сондай-ақ мекеме ішіндегі тәртіптің бұзылуына

жол бермеуді қамтамасыз етеді. Бұл қағидат күн тәртібін сақтау, тыйым салынған әрекеттерге тосқауыл қою және әкімшілік бақылаудың тұрақтылығын қамтиды[20].

Қамауға алынған әртүрлі санаттағы тұлғаларды арнайы бөлінген жеке үй-жайларда ұстау олардың құқықтары мен бостандықтарына түрлі дәрежеде шектеу қояды қарастырады. Мұндай ұстау тәртібі – күдіктілер мен айыпталушылардың бір-біріне ықпал ету мүмкіндігін барынша азайтуға бағытталған. Бұл өз кезегінде қылмыстық бейқамдық, теріс пиғылды қылмыстық субмәдениет элементтері, деструктивті көзқарастар, сенімдер мен құндылықтардың таралуын болдырмауға сеп болады, өйткені мұндай құбылыстар қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жиі кездеседі.

Бас-бостандығынан айырлған сотталғандарды және аралас қауіпсіздік мекемелерінде күзетпен ұсталып отырған тұлғаларлы бөлек орналастыру принципі-арнайы контингентті олардың негізгі ерекшеліктері мен санаттарына, камераларға бөлуді көздейтін негізгі тәртіп қағидаларының бірі. Бұл тәсіл қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің алдына қойылған мақсаттарды тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы қағида мен оның мән-мазмұнын талдау арқылы жеке ұстау – бұл күзетпен ұстау және бас бостандығынан айыру жазаларын орындау барысындағы режимдік талаптардың құрамдас бөлігі болып табылады. Айта кету керек, ұстау режимінің басқа элементтерімен салыстырғанда, бөлек ұстау ерекше мәнге ие жүйе түзуші элемент ретінде қарастырылады. Өйткені ол орындалған жағдайда, қалған барлық режимдік талаптардың тиімділігі де артады. Яғни, режимді кешенді қамтамасыз ету тұрғысынан бұл элементтің рөлі зор. Бөлек ұстау қағидасын тәжірибеде жүзеге асыру барысында туындайтын негізгі қиындық – бұл қағиданың бастапқыда арнайы контингенттің барлық түрлеріне бір мезетте қолдануға арналмағаны. Көп жағдайда бір тұлға бірнеше режимдік мәртебеге ие болуы мүмкін. Мысалы, кәмелетке толмаған әйел адамды ұстау кезінде оны ересек әйелдермен де, ер адамдармен де бір камераға орналастыруға жол берілмейді – мұндай тұлғалар жынысы мен жасына сәйкес жеке оқшаулануы тиіс. Сондай-ақ, егер бұрын құқық қорғау органдарында қызмет атқарған азаматқа қатысты үкім заңды күшіне енбеген болса, оны да өзге сотталғандар мен тергеу астындағылардан бөлек ұстау міндетті. Бұл талаптар, әсіресе, аталған тұлғалар құқық қорғау немесе сот құрылымдарының қызметкері болып табылмаса да, және үкім әлі күшіне енбеген жағдайда, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ерекше маңызға ие. ҚАЖ мекемелерінде сотталғандар мен күзетпен ұсталғандарды дифференциациялау мен дараландыруды жүзеге асыруды талдай отырып, жоғарыда айтылған теңсіз мүмкіндіктер анық көрінеді. Камералардың жеткіліксіздігі, уақыт шектеулері және тұлғалардың кең ауқымы

СИЗО-дағы қызметті өте ерекшелендіреді, бұл ҚАЖ қызметкерлерінің кәсіби қызметінде көптеген қиындықтар туғызады. Сотталғандарды бөлек ұстаудың құқықтық негізінен бөлек, олардың жеке қасиеттері мен психологиялық үйлесімділігі де ескерілуі тиіс [21, 51 б.].

Бұл ерекшелік қылмыстық-атқару мекемелерінде келеңсіз жағдайлардың туындауына және орны толмас салдардың орын алуына жол бермеу тұрғысынан ерекше маңызға ие. Дегенмен, бұл ереже нақты құқықтық нормалармен бекітілмегендіктен, оны қатаң сақтау іс жүзінде қиындық туғызады. Соған қарамастан, егер жағдай мүмкіндік берсе, қамаудағы әрбір адамның жеке ерекшеліктерін барынша ескере отырып, оны оқшаулау тәртібін ұйымдастыру қажет. ҚАЖ мекемелерінде құқық нормаларымен қатар, қылмыстық әлемнің әдет-ғұрыптары, дәстүрлері мен субмәдениеттік нормалар да әрекет етеді, олардың сотталғандар, күдіктілер мен айыпталушылар үшін кейде нормативтік-құқықтық актілер талаптарынан да маңыздырақ болуы мүмкін [22, 173 б.]. Сондықтан арнайы контингент Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын елемей, түрме субмәдениетін ұстанады, бұл күзетпен ұстау режимінің бұзылуы туралы актілердің көптігімен дәлелденеді.

Мысалы, сотталғандар мен күзетпен ұсталғандар әлеуметтік мәртебесі төмен тұлғалармен бір камерада болудан бас тартады. Қызметкерлер тарапынан заңды талаптарды орындаудан бас тартуға жауап ретінде режимді бұзу туралы акт толтырылып, бұл тұлға барлық сотталғандар санатынан оқшауланған түрде орналастырылады, бұл қосымша камераны пайдалануды қажет етеді.

Қандай да бір тұлғаның ерекшеліктері ескерілмеген жағдайда, жыныстық қол сұқпаушылық пен жыныстық бостандыққа қарсы қылмыстар жасаған тұлғаларды басқа бас бостаныдығынан айырылған тұлғалармен бірге бір камерада ұстау тәртіпсіздікке әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларды шешудің құқықтық негізі ретінде арнайы контингенттің жеке ісіндегі жедел уәкілдің бөлек ұстау қажеттігі туралы белгісі болуы мүмкін [23, 254 б.].

Астана қаласының тергеу изоляторы жедел қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама барысында, олардың басым бөлігі камераларда бөлек орналастыру ережелерінің көптеген бұзушылықтары орын алатынын, бұл прокурорлық әрекет ету актілерінің түсуіне алып келетінін айтты. Жедел қызметкерлердің түсіндіруінше, мұндай бұзушылықтардың себебі – бос орындардың болмауы және әлеуметтік мәртебесі төмен тұлғаларды жеке камераларға орналастыру қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қарасты тергеу изоляторларының кейбір қызметкерлері бір камерада жыныстық сипаттағы қылмыстар жасаған тұлғаларды ұстауға тыйым салу талабын толық түсіне бермейді. Бұл, ең алдымен, олардың түрлі қылмыстық құрамдар бойынша (ҚР ҚК-нің 120–124-баптары) жауапкершілікке

тартылғандығына байланысты. Алайда, әсіресе кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар жағдайында, мұндай тұлғалар басқа камерадағылар тарапынан күш қолдану немесе физикалық жазалау қатеріне ұшырауы мүмкін.

Сонымен қатар, мүлікті ашық иемдену немесе күш көрсету арқылы жасалатын қылмыстар үшін сотталғандарды бір камераға орналастыру тәжірибесі даулы мәселелер тудырады. Біздің ойымызша, мұндай жағдайларда аталған шектеуді қайта қарау қажет, яғни мұндай қылмыс жасаған тұлғаларды бөлек ұстауды міндеттемей, оларды психологиялық және мінездік сипаттамаларына қарай бірге ұстауға мүмкіндік беру орынды болар еді. Ал керісінше, қамауда ұстаудың күшейтілген тәртібін қоғамға жоғары қауіп төндіретін – терроризм және экстремизм сипатындағы әрекеттерге барған тұлғаларға қатысты қолдану керек.

Осыған орай, 1999 жылғы 30 наурызындағы №353-1 «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына жоғарыда аталған санаттағы қылмыскерлерді, мекеме әкімшілігінің психологиялық бағалауына сүйене отырып, бірге ұстауға рұқсат беретін нормалар енгізу қажет деп санаймыз.

Сонымен бірге, Ресей Федерациясының тәжірибесіне сүйене отырып, террорлық және экстремистік қылмыстар үшін тергеу изоляторларының базасында арнайы оқшауланған «спецблок» бөлімдерін құрудың маңыздылығын атап өткен жөн.

Аталған блоктарда адамдарды орналастыру кезінде прокуратура органдары тарапынан сұрақтар туындауы мүмкін, себебі бұл тәжірибе жалпы ұстау ережелерінен ерекшеленеді. Алайда, мұндай арнайы блоктардың енгізілуі тергеу изоляторларында ұсталып жатқан басқа да тұлғаларға экстремистік көзқарастағы тұтқындардың ықпалын болдырмауға бағытталған.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған Заңның 32-бабын, терроризм мен экстремизм әрекеттерін жасаған тұлғаларды негізгі контингенттен қосымша оқшаулауға мүмкіндік беретін нормамен толықтыру қажеттілігі туындайды.

Келесі мәселе – шылым шегетін және шекпейтін тұлғаларды бөлек ұстау мәселесіне қатысты. Ғылыми әдебиетте атап көрсетілгендей, бұл негізде мәжбүрлеп ұстау орындарында ұстау жағдайларының бұзылуына байланысты өтемақы өндіруге қатысты кең көлемді сот тәжірибесі бар. Мәселе мынада: заңнамада «мүмкіндік болған жағдайда» бөлек ұстау нормасы көзделген, яғни бұл жерде императивтік талап жоқ. Мысалы, бір іс бойынша күдікті бронхиялық астмамен ауырып, шылым шегетін тұлғалармен бірге ұсталынған [24, 89 б.].

Қазақстан Республикасындағы тергеу изоляторларының әкімшілігі темекі шекпейтін тұлғаны бөлек ұстау мүмкін еместігі фактілерін және зиянның алдын алу үшін қабылданған шараларды нақты дәлелдеуі тиіс.

Күдіктілер мен айыпталушыларды арнайы камераларда бөлек орналастыру бойынша отандық және халықаралық заңнама нормаларын салыстыру барысында мынадай қорытынды жасауға болады: Қазақстан заңнамасында ТИЗО-да ұсталып отырған күдіктілер мен айыпталушыларды камераларға бөлек орналастыруға негіз болатын жіктеу белгілері әлдеқайда көп қамтылған.

Сотталғандар мен айыпталушылардың (немесе тергеуде жүргендердің) өзара байланысқа түсу мәселелерін шешудің тағы бір тиімді жолы – қылмыстық-атқару мекемелерін қайта жаңғырту болуы мүмкін. Бұл шараны Концепцияның ережелерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында қарастыру қажет. Аталған Концепция тергеу изоляторы базасында біріктірілген үлгідегі мекемелерді құруды көздейді.

2.3. Тергеу изоляторындағы күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен міндеттері

Күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану олардың негізгі құқықтары мен еркіндіктеріне айтарлықтай шектеулер енгізеді. Мұндай шектеулер заңмен көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін мәжбүрлі сипаттағы шара ретінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген нормаларға сәйкес, қандай да бір тұлғаға қатысты қылмыстық сипаттағы айып, тағылған жағдайда, ол заңды тәртіпте кінәлі болып танылғанға дейін кінәсіз болып есептеле береді. Ол дегеніміз, оның қылмыс жасағаны тек заңда белгіленген рәсімдерге сай дәлелденіп, соттың заңды күшіне енген күннен бастап үкіммен ғана расталған жағдайда ғана оның кінәлілігі анықталады. Осы қағидат халықаралық деңгейде де мойындалған: Қазақстан Республикасы тарап болып табылатын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 10 бабының 2 тармағына сәйкес, сот үкімі шыққанға дейін айып тағылған тұлғаларға олардың кінәсіз екені ескеріліп, бұл мәртебеге сай ұсталу шарттары қамтамасыз етілуі қажет [25]. Азаматтардың азаматтық құқықтары мен еркіндіктерінің жиынтығына олардың Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген негізгі құқықтары мен бостандықтары, салалық заңдар мен айқындалған арнайы құқықтар, сондай-ақ мемлекет ішкі құқықтық жүйесіне кіретін халықаралық құқық нормалары мен ратификацияланған халықаралық келісімдерде танылған табиғи құқықтар жатады. Бұл құқықтар кешені адамның жеке, саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық салалардағы құқықтарын қамти отырып, оларды шектеу тек заңмен белгіленген,

объективті қажеттілікке сай және тепе-теңдік принципіне негізделген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Күзетпен ұстау саласын реттейтін заңнамаға сәйкес, режимнің басты талаптарының бірі – күдіктілер мен айып тағылған тұлғалардың құқықтарын сақтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық нормаларына сәйкес, азаматтарға тиесілі азаматтық құқықтар өатарына жеке меншікке ие болу, мүлікті пайдалану және оны басқару, заңмен тыйым салынбаған кәсіпкерлік пен өзге де экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыру мақсатында өзінің мүмкіндіктері мен мүлкін еркін пайдалануды құқығы кіреді. Сонымен қатар, тұлғалар қолайлы қоршаған ортада өмір сүру, еңбек ету, денсаулығын сақтау, медициналық көмек алу, демалыс алу, тұрғын жаймен қамтамасыз етілу, білім алу, әлеуметтік қолдау мен қорғауға ие болу, сонымен қатар мәдени өмірге қатысу және мәдени мекемелер қызметін пайдалану құқығына да иелік ете алады. Күзетпен ұстауға алынған тұлғалар, құқықтық шектеулерге қарамастан, азаматтық құқықтық қатынастар субъектісі болып қала береді. Күдіктілер ман айып тағылған тұлғалардың құқықтық жағдайы азаматтардың жалпы құқықтары мен міндеттерінен айрықшаланып, олардың еркіндігін шектеу жағдайларымен тығыз байланысты қалыптасады. Күдіктілер мен айыпталушылардың мәртебесі, негізінен, күзетпен ұстау фактісімен шартталған құқықтық шектеулер арқылы ерешеленіп, олардың жалпы азаматтық құқықтарынан толық айыру мүмкін емес, белгілі бір шектеулер енгізу арқылы жүзеге асады. Осы тұлғалар өз мүлкіне иелік ету құқығынан айырылмайды: олардың жеке меншігі өз иелігінде қала береді, ал заңмен тыйым салынбаған мүлікке иелік ету құқығы да сақталып қалады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мұндай адамдар, егер күзетпен ұстау жағдайлары мүмкіндік берсе, өздерінің мүліктік құқықтарын тікелей жүзеге асырып қана қоймай, бұл құқықтарды сенімді өкіл арқылы пайдалана алады. Сенімді өкіл, өз кезегінде кәсіпкерлікпен айналысу немесе заңмен рұқсат етілген басқа да экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына ие болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 14-бабына сәйкес, азаматтар өз мүлкін мұрагерлікке қалдыруға және өсиет етуге құқылы. Бұл құқықтар күдіктілер мен айыпталушыларға да қолданылады. Азаматтық-құқықтық мәміле жасау үшін күдікті немесе айыпталушы қылмыстық іс жүргізіп отырған тұлғаның немесе органның рұқсатымен өз өкіліне сенімхат береді, бұл сенімхат Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167-бабының 3-тармағына сәйкес тергеу изоляторының бастығы немесе оның міндетін атқарушы тұлға арқылы куәландырылады [26].

Күзетпен ұстаудағы күдіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтарды пайдаланады және

белгілі бір шектеулермен міндеттерді орындайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары заңмен шектелуі мүмкін және бұл шектеулер тек Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау, адамның құқықтары мен бостандықтарын, денсаулығы мен адамгершілігін қорғау мақсатында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Қамауда отырған күдіктілер мен айыпталушылардың кейбір құқықтары шектеулі болуы мүмкін, алайда бұл шектеулер заңда көрсетілген тәртіппен және қылмыстық процестің мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Мысалы, қауіпсіздік пен мекеме ішіндегі тәртіпті қамтамасыз ету үшін байланыс құралдарын пайдалану, сыртқы ортамен хат алмасу немесе кездесу құқықтарына шектеулер қойылуы ықтимал. Сонымен қатар, мұндай тұлғалар денсаулық сақтау, тамақтану, діни сенім бостандығы секілді негізгі құқықтарын пайдалану мүмкіндігін сақтайды. Бұл шектеулердің енгізілуі әрқашан құқықтық бақылауға алынуы тиіс және олардың заңдылығы халықаралық стандарттарға қайшы келмеуі керек[27].

Аталған конституциялық қағидатқа негізделе отырып, заңнамада күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен бостандықтарына тек заң аясында шектеу қоюға жол берілетіні нақты белгіленген. Осы тұрғыдан алғанда, күзетпен ұсталушы тұлғалар — Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде — олардың құқықтары мен бостандықтары тек заңнамалық актілер арқылы шектелуі тиіс. Бұл дегеніміз, мұндай шектеулер Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен, Үкіметтің қаулыларымен немесе ведомстволық деңгейдегі (мысалы, Ішкі істер министрлігі) нормативтік құжаттармен реттелмеуі қажет.

Қазақстан Республикасының аймағында қамауда ұсталып жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы отандық заңнама мен халықаралық келісімдер негізінде белігіленіп отырады. Мұндай тұлғалардың күзетпен ұстау жағдайындағы құқықтық мәртебесі олардың құқықтары, заңды мүдделері және міндеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Күдіктілер мен айыпталушылардың негізгі құқықтары 1999 жылғы 30 наурызда қабылданған №353-І «Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабында бекітілген. Аталған құқықтарды шартты түрде келесі үш санатқа жіктеуге болады: Қазақстан Республикасының азаматтары мәртебесі негізінде танылатын құқықтар (ал шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін — аталған құқықтар отандық азаматтармен теңестірілу қағидаты арқылы жүзеге асырылады); Күзетпен ұстау шарасын қолдану салдарынан туындайтын

құқықтар; Арнайы ішкі тәртіп орнатылған мекемеде ұсталуға байланысты берілетін құқықтар. Күдікті мен айыпталушы тұлғаларға, олар қамауда болған кезеңде, өздерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ күзетпен ұстаудың құқықтық тәртібі мен нақты жағдайлары туралы ақпаратты алуға мүмкіндік берілуі тиіс. Тергеу изоляторының ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес, бұл тұлғаларға ұстау тәртібі, қолданылатын режим, тәртіптік талаптар, сондай-ақ ұсыныстар, өтініштер мен шағымдарды беру рәсімдері туралы мәліметтер ұсынылады. Аталған ақпарат оларға жазбаша түрде де, ауызша түсіндіру арқылы да жеткізіледі. Сонымен қатар, кейіннен бұл мәліметтер радиобайланыс құралдары арқылы, мекеме қызметкерлерінің камераларға жоспарлы аралау барысында немесе тергеу изоляторы басшысының не өзге уәкілетті қызметкердің жеке қабылдауы кезінде де беріліп отырады. Сондай-ақ, заңнамада күзетпен ұсталатын тұлғалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығы да белгіленген. 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 Қазақстан Республикасының «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Заңының 18-бабына сәйкес, егер күзетпен ұсталушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе немесе басқа сотталғандарға қатысты қылмыс жасау қаупі туындаса, күзетпен ұстау орындарының қызметкерлері мұндай қауіптің алдын алу үшін дереу шаралар қабылдауы тиіс. Егер күзетпен ұсталушының өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төнсе немесе оның басқа қамаудағыларға қатысты заңға қайшы әрекет жасау ықтималдығы байқалса, тергеу изоляторының қызметкерлері шұғыл түрде алдын алу шараларын қабылдауы тиіс. Мұндай жағдайда тұлғаны оқшаулау, психологиялық бақылау жүргізу немесе қауіпсіз бөлімшеге ауыстыру тәрізді шаралар қолданылады. Бұл іс-әрекеттер күзетпен ұсталушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында жүзеге асырылады.[28].

Бұл ереже заңнамаға арнайы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында енгізілген, ол әрбір қамауға алынған адамның жеке басына қол сұғылмаушылық құқығына кепілдік береді. Бұл құқық арқылы мемлекет тек ықтимал қауіптерден қорғап қана қоймай, сонымен қатар тергеу изоляторларындағы адамдарға қатысты «түрме субмәдениетінің» зорлық-зомбылық пен қорлауға итермелеу әрекеттерінің жолын кесуге тырысады. Осы құқықтың мәні – егер тергеу изоляторында отырған адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе, ол кез келген лауазымды тұлғадан оны басқа тұтқындардан оқшаулап, жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы. Бұл құқықтық норма міндетті түрде сақталуы тиіс.

Қамаудағы адамдар өздерінің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға өтініш жасау құқығын иеленеді. Айта кететін болсақ, олар өздерінің ұсыныстарын,

өтініштері мен шағымдарын қамауда ұстау мекемесінің әкімшілігіне, прокуратура органдарына, сот инстанцияларына, сондай-ақ мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге жолдай алады.

Бұл ретте, жазбаша шағым немесе өтініш жазу үшін (қағаз, қалам сияқты) жазу құралдары олардың сұрауы бойынша беріледі.

Сезіктілер мен айыпталушылардың ар-ождан бостандығына құқығы заңмен қамтамасыз етілген. Ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес, олар діни рәсімдерді камера ішінде немесе арнайы жабдықталған бөлмеде өз діни дәстүрлері бойынша өткізуге құқылы. Сондай-ақ, оларға жеке қолдануға арналған діни әдебиеттерді және діни атрибуттарды (жеке тағуға немесе алып жүруге арналған заттарды), қоспағанда өткір, қымбат металдар мен тастардан жасалған немесе мәдени-тарихи құндылыққа ие заттарды, ұстауға және пайдалануға рұқсат беріледі.

Қамауға алынған адамдар өзін-өзі дамыту мақсатында арнайы әдебиеттерді пайдалану арқылы өздігінен білім алу мүмкіндігіне ие. Кәмелетке толмағандарға жалпы орта білім алуға жағдай жасалады және олар заңмен белгіленген нормадан тыс оқуға қажетті кеңсе тауарларын сәлемдемелер арқылы алуға құқылы. Қамауда отырған тұлғалар азаматтық-құқықтық мәмілелерге және отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысу құқығын иеленеді. Алайда бұл құқықты іске асыру арнайы тәртіппен жүзеге асады: тергеу изоляторының ішкі ережелеріне сәйкес, мұндай мәмілелерді тек қылмыстық істі тергеп жатқан органның немесе тұлғаның рұқсатымен жасауға болады.

Қамаудағылар газет-журналдарға жазылу және оларды алу құқығына ие. Олардың пошта бөлімшелері арқылы таралатын мерзімді басылымдарға жазылуына шектеу қойылмайды. Жазылым рәсімі үшін тұтқын тергеу изоляторы басшысының атына өтініш жазады.

Жазылуды рәсімдеу үшін жазылушының есебінен қажетті бланкілер беріледі, ал жазылым рәсімін тергеу изоляторының қызметкері жүргізеді. Сонымен қатар, жазылымды туыстары немесе басқа адамдар да рәсімдей алады. Егер жазылым қайта бағытталуы қажет болса, бұл жазылушының өтініші бойынша, әкімшіліктің рұқсатымен іске асырылады.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 Заңының 17-бабы мен ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес, қамаудағы адамдарға айына 2 рет, ал кәмелетке толмағандарға – 3 рет, туыстары және басқа тұлғалармен кездесуге рұқсат берілуі мүмкін. Бұл кездесулер 3 сағаттан аспауы керек және ол тек істі жүргізіп жатқан органның жазбаша рұқсаты негізінде өткізіледі. Бір уақытта 2 ересек адамнан артық кездесуіне жол берілмейді.

1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 Заңның 19-бабы негізінде, қамаудағыларға айына 2 ретке дейін хат немесе жеделхат алмасуға рұқсат беріледі. Мұндай алмасу тұтқынның өз қаражаты есебінен жүзеге асады. Пошта құралдарын (конверт, марка және телеграмма формасы) изолятордың дүкенінен сатып алуға болады. Тергеу мүддесі үшін хат алмасу әкімшілік арқылы жүргізіледі және ол цензурадан өтеді [29].

Қамаудағыларға сәлемдеме мен бандерольді шектеусіз алуға рұқсат етіледі. Бірақ олардың салмағы ішкі және халықаралық пошта ережелерінде белгіленген шектен аспауы керек: ішкі жөнелтімдер үшін – 14 кг, халықаралық жөнелтімдер үшін – 20 кг (Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі №65 бұйрығы бойынша) [30].

Күдікті мен айып тағылған тұлғалар өздерінің шоттарына ақша аударымдарын қабылдау және жіберу құқығына ие. Бұл құқық Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурызындағы №353-1 Қылмыстық атқару жүйесі туралы заңының 24-бабымен реттеледі. Аталмыш құқықтық нормаға сәйкес, тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға арналған ақшалай қаражат арнайы мекеме мекен жайына пошта арқылы жеткізіліп, белгіленген тәртіппен олардың жеке шоттарына аударылады. Аударым түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қамаудағы адамға бұл туралы хабар берілуі тиіс. Әкімшіліктің рұқсатымен олар өз қаражатынан туыстарына немесе басқа адамдарға ақша жібере алады. Ол үшін тергеу изоляторы басшысының атына өтініш жазып, пошта арқылы аударым жасалады.

Қамаудағы тұлғаларға тегін тамақ, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетілуі қамтамасыз етіледі, оның ішінде тергеу немесе сот процесіне қатысу кезеңінде де. Олар санитарлық, гигиеналық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін жағдайлармен қамтамасыз етілуі керек. Сонымен қатар, күдіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №1255 қаулысымен бекітілген табиғи азық-түлік пен тұрмыстық жабдықтар нормасы бойынша тегін тамақпен қамтылады. Қажет болған жағдайда, олар маусымға сәйкес рұқсат етілген киімдерді де әкімшілік арқылы ала алады [31].

Тергеу изоляторында ұстаудың ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілерін жетілдіру мәселелері мен перспективалары

3.1 Тергеу изоляторындағы қауіпсіздік күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қамтамасыз ету құралы ретінде

Аталған мәселені зерттеу барысында алдымен «қауіпсіздік» ұғымының мәнін анықтап алу қажет. В. И. Дальдің түсіндірме сөздігінде «қауіпсіздік» термині – қауіп-қатердің жоқтығын, сақталу мен сенімділікті білдіреді. «Қауіпсіз» сөзі – зиян немесе залал келтірмейтін, қауіп төндірмейтін деген мағынада қолданылады [32, 67 б.].

Орыс тілінің сөздігіне сәйкес, қауіпсіздік – бұл қандай да бір затқа немесе адамға қауіп төнбейтін жағдай [30, 38 б.]. Осыған байланысты, қауіпсіздік түсінігі – бұл адам мен қоғамның сыртқы және ішкі қатерлерден ада, тұрақты және сенімді жағдайда болуы. Мұндай ахуалды мазмұндық жағынан алғанда, жүйелілік пен реттелген тәртіп ретінде сипаттауға болады. Өйткені тәртіп ұғымы белгілі бір құбылыстың ретімен ұйымдастырылуын, құрылымдық жағынан дұрыс қалыптасуын және тұрақты жұмыс істеуін білдіреді.

«Тәртіп» түсінігі түзеу мекемесі мен тергеу изоляторы үшін олардың күнделікті жоспарлы, мақсатты және жүйелі қызметін сипаттайды. Тар мағынада қоғамдық қауіпсіздік – бұл мемлекеттік құрылымды негізгі саяси институттарға қауіп төндіретін әрекеттерден қорғау. ТИЗО-лары қоғамға елеулі қауіп төндіретін тұлғаларға қатысты мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын жүзеге асырады және олар қоғамның ерекше элементі ретінде қарастырылады.

ТИЗО-ларда қоғамдағы сияқты жағымды (қауіпсіз) және жағымсыз (қауіпті) ахуалдар қалыптасуы мүмкін. Бұл жағдайлар мекеменің қызметін сәтті не сәтсіз жүзеге асыруына ықпал етеді. Қауіпсіздік ұғымына қатысты ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Мысалы, А. П. Иванов түзеу мекемелеріндегі қоғамдық қауіпсіздікті табиғи апаттардан, қауіпті жағдайлардан немесе адамдардың абайсыз мінез-құлқынан туындайтын салдарлармен байланыстырады [33, 18 б.].

Сонымен қатар, түзеу мекемелеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ең алдымен мекеме әкімшілігінің тарапынан пайда болуы мүмкін немесе нақты қауіптердің алдын алу мен жою әрекеттерінен көрінеді. Әкімшілік тек құқық бұзушылықтар орын алғаннан кейін әрекет

етпей, сонымен бірге алдын алу, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жағдайларын құруға міндетті.

Қауіпсіздікпен айналысатын құрылымдық бөлімшелер (режимдік және күзет қызметтері) өзге де қызметтермен үйлесімді өзара әрекеттесу негізінде жұмыс істеуі қажет. Олардың негізгі міндеті – түзеу мекемесінің аумағында жүрген барлық тұлғалардың, соның ішінде персонал мен арнайы контингенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл құрылымдар мекемеде тұрақты қоғамдық тәртіп пен сенімділікті қалыптастыру мақсатында ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алып, жалпы тыныш жағдайды сақтау үшін жауап береді. Сәйкесінше, түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметін бағалауда негізгі критерий құқық бұзушылықтар саны емес, керісінше, мұндай оқиғалардың мүлдем болмауы немесе барынша азаюы болмақ. Яғни әкімшілік жұмысының тиімділігі нақты құқықтық тәртіптің деңгейімен өлшенуі тиіс.

А. П. Ивановтың көзқарасынан өзгеше, А. Г. Перегудовтың пайымдауынша, «қауіпсіздікті – түзеу мекемесінің қызметкерлері, сотталғандар және басқа да осы салаға қатысы бар тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған құқықтық нормалар мен қатынастар жүйесі ретінде сипаттайды. Бұл жүйе олардың еңбегі мен демалысын, сондай-ақ түзеу мекемесінің жалпы және жекелеген бөлімшелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған» [34, 15–16 б.].

М. А. Громовтың анықтамасына сәйкес, «қауіпсіздік – бұл түзеу мекемесінің қызметкерлері, сотталғандар және қатысы бар тұлғалардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатерлерден қорғайтын жағдай ретінде сипаттайды. Бұл ахуал жалпы мекеменің қалыпты қызметін қамтамасыз ету мақсатында құрылады» [35, 28 б.].

М. А. Громов сонымен бірге, «күдіктілер, айыпталушылар және сотталғандарды қорғау деңгейіне қарай қауіпсіздік құралдарын екіге бөліп қарастырады: 1) тікелей қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құралдар, оған мыналар жатады: қауіп төнген тұлғаларды қауіпсіз орынға көшіру; құқық бұзушыға күш қолдану, арнайы құралдар немесе атыс қаруын қолдану; құқық бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту; қылмыс жасаған тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту. 2) қауіпсіз жағдай қалыптастыруға бағытталған құралдар, оған жататындар: профилактикалық есепке қою; тәрбие жұмыстары; мінез-құлықты бақылау; тыйым салынған заттардың мекемеге енуіне жол бермеу; инженерлік және техникалық бақылау құралдарын, дабыл жүйелері мен байланыс құралдарын қолдану» - деп сипаттайды [36, 21–24 б.].

Жалпы алғанда, қылмыстық-атқару жүйесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл мекеменің қызметкерлері мен ондағы ұсталатын адамдарға, сондай-ақ мекеменің өзіне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға бағытталған ұйымдастырушылық-құқықтық, режимдік, жедел-

профилактикалық, материалдық-техникалық және басқа да шаралар кешенін жүзеге асыруды білдіреді.

«Қауіпсіздік» ұғымын жан-жақты түсіну үшін, ең алдымен түзеу мекемелеріндегі құқықтық тәртіптің жай-күйіне назар аудару қажет. Құқықтық тәртіп деп қоғамдық қатынастардың құқықтық нормалар негізінде реттеліп, белгілі бір тұрақтылық пен реттілікке қол жеткізілген жағдайын есептейміз. Мұндай тәртіп атқару мекемелерінде әкімшілік қызметкерлер мен арнайы контингенттің өз құқықтары мен міндеттерін нақты сақтауы арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, құқыбұзушылықтардың алдын алу, тәртіпке бағынбаған тұлғаларға заңда белгіленбеген қыпал ету шараларын қолдану сияқты әрекеттер де құқықтық тәртіп шеңберінде қарастырылады. Осыған байланысты, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік өзара тығыз байланысты, бір бірін толықтыратын және қамтамасыз ететін негізгі құқықтық категориялар болып табылады. Сонымен бірге, қауіпсіздік құқықтық тәртіп құрылымында ерекше орын алады. Ол негізінен қорғаныштық сипатқа ие, яғни қызметкерлердің тыныш әрі қауіпсіз жұмыс істеуін, арнайы контингенттің өмірі мен құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл екі ұғым өзара тәуелді: құқықтық тәртіп неғұрлым орнықты болса, қауіпсіздік те соғұрлым сенімді қамтамасыз етіледі және керісінше.

Осы тұжырымға сүйене отырып, түзеу мекемелеріндегі немесе тергеу изоляторларындағы қауіпсіздікті былайша анықтауға болады: бұл – құқықтық тәртіптің құрамдас бөлігі болып табылатын, мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігін, мекеме құрылымдарының қалыпты жұмысын және арнайы контингенттің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ықтимал әрекеттерден қорғалу деңгейін сипаттайтын жүйе.

Сондықтан тергеу изоляторларындағы режим бөлімінің (ал түзеу мекемелерінде – қауіпсіздік бөлімінің) барлық қызметі қолданыстағы құқық нормаларына негізделі отырып іске асырылуы тиіс. Себебі режим мен қадағалау – құқықтық институттар болып табылады. Сол себепті ТИЗО мен түзеу мекемелерінің құрылымдық бөлімшелерінің, әсіресе режим бөлімінің тиімді қызметі құқық нормаларын нақты орындаумен тікелей байланысты.

Бұл байланыс Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде мекемелердегі күзет, қауіпсіздік, құқықтық тәртіп пен тергеудегі тұлғаларды ұстау жағдайларын қамтамасыз ететін уәкілетті субъектілердің міндеттері мен функциялары ретінде заңнамалық түрде бекітілуі арқылы нығайтылады.

Сотқа дейінгі оқшаулау орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, халықаралық-құқықтық құжаттар, қолданыстағы заңдар мен Ішкі істер министрлігінің ведомстволық нормативтік актілері құрайды. Бұл ретте басты құқықтық құжат

– Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ата заңда адам және азамат құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде айқындалған.

Конституцияда белгіленген нормалар негізінде және 1999 жылғы 30 наурыздағы № 353-І Қазақстан Республикасының «Қоғамнан уақытша оқшаулау шараларын қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұсталатын адамдарды ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Заңы бойынша адамның кейбір құқықтары мен бостандықтарына шектеу қою мүмкіндігі қарастырылған. Мысалы, хат-хабар алмасу құпиясы шектеліп, жазбалар цензурадан өтеді, телефон арқылы сөйлесу, пошта және өзге де байланыс түрлері әкімшілік бақылауға алынады, қозғалыс еркіндігі шектеледі. Алайда мұндай режимдік шектеулер өмір сүру құқығы, ар-ождан бостандығы, діни сенім еркіндігі, ар-намысқа қол сұғылмаушылық секілді базалық құқықтарға әсер етпеуі тиіс.

Соттың шешімінсіз ешбір адам күзетпен ұсталмайды немесе қамауға алынбайды. Сонымен қатар, 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі де тергеу изоляторларында режимді қамтамасыз ету құралдарын заңдық негізде қолдануға мүмкіндік береді.

«Қауіпсіздік» ұғымы тұлға, қоғам, мемлекет Қазақстан Республикасы және оның субъектілері мен халықаралық қауымдастық арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесінің тұрақтылығын, сондай-ақ осы қатынастардың тұлға, қоғам мен мемлекеттің өмір сүруіне және дамуына төнетін қауіп-қатерлердің алдын алу мен жоюға негіз бола алатын жағдайларды білдіреді. Қауіпсіздіктің негізгі мәні – ол ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын, ішкі және сыртқы қауіптерге қарсы тұра алатын жүйені ұйымдастыруда жатыр. Қауіпсіздік ұғымы – тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіретін ішкі және сыртқы факторлардан қорғалу жай-күйін білдіреді. Бұл ұғым құқық қорғау саласында тек физикалық қорғау емес, сонымен қатар моральдық, психологиялық және құқықтық қауіпсіздікті де қамтиды. Қылмыстық-атқару жүйесінде қауіпсіздік режим, тәртіп және бақылау құралдары арқылы қамтамасыз етіледі[37].

Сот шешімімен күзетпен ұсталатын тұлғаларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қолданылатын қамауда ұстау, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын елеулі түрде шектеумен ерекшеленеді. Тергеу изоляторына орналастырылған күдіктілер мен айыпталушылар, ең алдымен, жүріп-тұру еркіндігінен, хат алмасу және телефон арқылы сөйлесу құқығынан айырылады. Алайда Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет болғандықтан, адам құқықтарын тек заң негізінде ғана шектеуге жол беріледі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясында күзетпен ұстау тек сот шешімімен жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген. Мұндай бұлтартпау шарасын қолдану қажеттілігі адамға

қатысты қылмыстық істің толық және жан-жақты тергелуін қамтамасыз ету мақсатында негізделген дәлелдерге сүйенеді. Қамауға алынған тұлғалардың бостандығынан айырылуы олардың жеке тұлғалық қасиеттерін, әлеуметтік байланыстарын жоғалтуға, өмір салтының түбегейлі өзгеруіне алып келеді. Бостандықтан айырылған адамдар күнделікті өмірге тән жағымды факторлардан, еркін қозғалу мүмкіндігінен, жақындарымен және өзге адамдармен тікелей немесе байланыс құралдары арқылы қарым-қатынас жасау еркіндігінен, күнделікті тұрмыстық және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырылады.

Осыған байланысты күзетпен ұстау режимі тек қозғалыс еркіндігін шектеумен шектелуі тиіс. Бұл ретте адам тек тергеу процесіне кедергі келтірмеуі үшін оқшауланады, ал қалған барлық құқықтары бұзылмауы керек. Күзетпен ұстау орындарындағы тәртіп пен қауіпсіздікке жауапты – тергеу изоляторының әкімшілігі. Бұл дегеніміз, олар күдіктілер мен айыпталушылардың заңда көзделген құқықтарын толықтай қамтамасыз етуге міндетті. Құқықтық кепілдіктің бірі – қамауға алынғаннан кейін күдікті мен айыпталушыға олардың құқықтары, міндеттері мен оларды бұзған жағдайда туындайтын жауапкершілік туралы толық әрі түсінікті ақпарат беру.

Бостандықтан айырылған адам, ең алдымен, өзіне не рұқсат етілетінін, не тыйым салынатынын білуі тиіс. Бұл ақпаратты түсіндіру мекеме әкімшілігінің тікелей міндетіне жатады. Күдікті мен айыпталушы күзетпен ұсталатын кезең ішінде өздеріне тиесілі құқықтар туралы толық хабардар болуы тиіс. Бұл талаптың орындалуы заңдылықтың сақталуын, ал соның негізінде – ұсталған тұлғалардың құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз етеді.

Егер күзетпен ұстаудағы адамға басқа сотталғандар тарапынан өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе, ол әкімшілікке ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда мекеме әкімшілігі дереу жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шара қабылдауы қажет. Мұндай жағдайда, егер техникалық мүмкіндік болса, адам ақпараттық терминал арқылы да әкімшілікпен байланыса алады.

Тергеу изоляторларындағы белгіленген тәртіп бойынша күн тәртібі міндетті түрде түнгі ұйқы уақытын қамтиды. Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес ұйқы ұзақтығы – 8 сағат. Ұйқының үздіксіздігі маңызды және бұл уақытта күдікті мен айыпталушыны қандай да бір әрекеттерге мәжбүрлеуге болмайды (бұл тек Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген ерекше жағдайлардан басқа). Осы тәртіпке сәйкес, тергеу изоляторы қызметкерлері ұйқы және ояну уақытын ұйымдастырады. Бұл құқық бұзылған жағдайда адам мекеме басшысының атына шағым жазуға құқылы.

Сондай-ақ, ұсталған адамдардың өмір сүруіне қолайлы санитарлық жағдайлар жасалуы қажет. Ішкі тәртіп ережелері бойынша, камерадағы тәртіпке

жауап беретін күдікті немесе айыпталушы кезекпен кезекшілік атқарады. Ал мекеме әкімшілігі гигиеналық талаптарды сақтап, қажетті санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге міндетті. Бұл үшін арнайы жуыну орындары мен апталық дезинфекциялық тазалау жүргізіледі. Сонымен қатар, күдіктілер мен айыпталушылар медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, қажет жағдайда стационарлық емдеу де жүргізіледі.

Осының барлығы – олардың өмір сүру және денсаулығын сақтау құқығының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Бір камерада отырған адамдар арасында жиі стресс пен агрессия туындайды, бұл өз кезегінде өмір мен денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген құқықтардың бірі – жеке қауіпсіздік құқығы – күзетпен ұстаудағы тұлғалар үшін де сақталуы тиіс.

Егер мұндай қауіп туындаса, адам мекеме қызметкеріне жүгініп, жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуді сұрауға құқылы. Бұл жағдайда, қызметкер дереу тиісті шара қолдануы тиіс. Мұндай әрекеттердің негізі – адамның өтініші, жедел-ізвестіру материалдары, тергеушінің хабары немесе басқа дәлелдер болуы мүмкін.

Осыдан кейін, әкімшілік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің келесі шараларын қолдануы мүмкін: күдіктіні 24 сағатқа дейін жалғыз камераға ауыстыру; бір іс бойынша күдіктілерді бөлек ұстау; басқа адамдарға қауіп төндірген тұлғаны карцерге орналастыру; заңды талапқа бағынбаған жағдайда физикалық күш қолдану немесе арнайы құралдарды пайдалану.

Сондай-ақ, тергеу изоляторының қызметкерлері күдіктілер мен айыпталушылардың заңды құқықтары мен міндеттерін білуі және оларды қамтамасыз ету жолдарын түсінуі тиіс. Құқықтардың кепілі – оларды күдікті немесе айыпталушыға түсіндіру, сұраныс бойынша тиісті ақпарат беру.

Оларға жолдама, сәлемдеме алу, туыстарымен және қорғаушыларымен жолығу құқықтары беріледі. Бұл рәсімдер белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Егер күдікті немесе айыпталушы өз құқықтарының бұзылғанын байқаса, ол прокуратура органдарына, сотқа немесе Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкіліне шағым түсіруге құқылы. Бұл шағымдарды мекеме әкімшілігі қабылдамай тастауға құқығы жоқ.

Осылайша, тергеу изоляторларында ұсталған тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету мақсатында арнайы режим белгіленеді. Бұл режим – күнделікті тәртіппен қатар, олардың процессуалдық құқықтарын жүзеге асыруға толық мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда техникалық және инженерлік құралдардың жетілдірілуіне карамастан, арнайы контингенттің, қызметкерлердің немесе үшінші тұлғалардың тыйым салынған заттарды тергеу изоляторына заңсыз енгізу жағдайлары кездесіп жатады.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 «Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұсталатын адамдарды ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Заңының 8-бабына сәйкес, тергеу изоляторлары – бұл бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынған күдіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған мекемелер болып табылады [38].

Соттың шешімі – күзетпен ұстау шарасын қолданудың негізгі негізі болып табылады. Осыған орай, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негізгі мақсаттарына жету үшін тұлғаның күзетпен ұстау кезеңінде оның қауіпсіздігі жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте, қылмыстық процесте күдікті мен айып тағылған азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін сақтау — мекеме әкімшілігі үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар алдын алу шараларын іске асыру қажет. Мұндай алдын алу шараларына өміріне немесе денсаулығына нақты қауіп төнген тұлғаларды бөлек ұстау, сондай-ақ бір қылмыстық іс шеңберінде тартылған тұлғаларды әртүрлі камераларға орналастыру жатады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талдау арқылы мынандай тұжырым жасауға болады: егер күдіктінің немесе айыпталушының өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрса, онда ол өзінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

Сонымен қатар, күзетпен ұстау мекемелерінің қызметіне тән ерекшеліктердің болуына байланысты түрлі қауіп-қатерлер туындауы мүмкін. Мұндай жағдайлар белгіленген ішкі тәртіп пен режимге, сондай-ақ мекеме қызметкерлері мен арнайы контингент өкілдерінің заңды құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына алып келуі ықтимал.

Тергеу изоляторларындағы қауіп-қатерлердің түрлері мыналар болып табылады: қамауда ұстау тәртібінің бұзылуы; қызметкерлер мен басқа да күдіктілерге, айыпталушыларға қарсы жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар; қауіпсіздік пен байланыс құралдарының техникалық тозуы; күдіктілер мен айыпталушылар арасында қылмыстық субмәдениеттің таралуы.

Көп жағдайда бұл қауіптер күдіктілер мен айыпталушылардың тарапынан туындап, бүкіл мекеменің жұмысын бұзады, яғни орнатылған тәртіп пен режимді дезорганизациялайды.

Соңғы бес жылда Қазақстан Республикасының тергеу изоляторларында көптеген тыйым салынған заттар тәркіленді. Мұндай заттардың мекемеге өтіп кетуінің себептері: арнайы контингентті жеткілікті бақыламау, тінту шараларының жеткіліксіздігі, техникалық құралдарды жеткіліксіз пайдалану, мекеме қызметкерлері мен арнайы контингент арасындағы бейресми байланыстар.

ТИЗО-да күзетті күшейту, бекеттерде қызмет атқаруды бақылауды ұйымдастыру, қылмыстық-атқару жүйесі персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күзет сенімділігін арттыру мақсатында мекемелерді заманауи инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтауды жалғастыру және озық қызмет әдістерін енгізу қажет.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде, тыйым салынған заттардың режимдік аймаққа түсуі қамауда ұстау тәртібінің бұзылуына және мекеменің жалпы жұмыс істеуіне кері әсер етеді деп тұжырым жасауға болады. Жеке қауіпсіздік ұғымының мәніне тоқталсақ, ол адамның әртүрлі заңсыз әрекеттерден қорғалған күйін білдіреді. Жеке қауіпсіздік құқығын жүзеге асырудың екі нысаны бар: тұлғаның өзі өтініш берген жағдайда – яғни күдікті не айыпталушы өміріне нақты қауіп төнген кезде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтініш жаза алады; мекеме басшысының бастамасы бойынша – жедел жағдайға сүйене отырып, басшы күдіктінің немесе айыпталушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оны қауіпсіз орынға көшіру туралы шешім қабылдайды.) Мекеме аясында жеке қауіпсіздік мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі: ерлер мен әйелдерді, кәмелетке толмағандарды бөлек ұстау (бұл жасөспірімдердің қылмыстық субмәдениет пен теріс әсерден қорғалуы үшін қажет); бір қылмыстық іс бойынша тартылған тұлғаларды бөлек орналастыру (бұл тергеу әрекеттерінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды); қауіпсіз орынға ауыстыру жөнінде өтініш жасау құқығы; тінту және қарап шығу шараларын жүргізу (бұл тыйым салынған заттарды анықтап, олардың режимдік аймаққа өту жолын болдырмауға бағытталған); жұқпалы ауруы бар адамдарды жеке ұстау (басқа адамдарды жұқтыру қаупін болдырмау үшін); құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық шараларды іске асыру; қауіпсіздік шараларын қолдану (бұл мекеме қызметкерлерін арнайы контингенттің заңсыз әрекеттерінен қорғау мақсатында жүзеге асырылады).

Осы аталған қауіпсіздік шаралары азаматтардың қамауда ұсталатын жерлерде конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қауіпсіздік шаралары іске асырылып жатыр деп айтуға болады, алайда кейбір бағыттарға ерекше назар аудару қажет. Атап айтқанда, күтпеген жағдайларда жылдам әрекет ету дағдыларын тексеру мақсатында нұсқаулық сабақтар өткізу, мекемеге жаңадан келіп түскен тұлғаларға тұрақты түрде мониторинг жүргізу және басқа қызметтермен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету қажет.

Осылайша, тергеу изоляторларында күдіктілер мен айыпталушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көптеген факторлар әсер етеді. Олардың қатарына техникалық құрал-жабдықтармен жарақтану, электрондық қадағалау құралдарын қолдану, қызметкерлердің өз міндеттерін орындауы, тінту іс-

шараларын сапалы өткізу, арнайы контингенттің тәртіпті сақтау деңгейі және профилактикалық жұмыстарды жүргізу жатады.

Аталған талаптардың бәрін орындау тергеу изоляторларындағы жағымсыз құбылыстарды азайтуға және арнайы контингенттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3.2. Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғаудағы құқық қорғау ұйымдарының рөлі

Құқық қорғау ұйымдарының қызметі екіұштылық сипатқа ие. Олардың жұмысы кей жағдайда «саяси сипат» алып кетуі мүмкін, дегенмен негізгі мақсаты – жекелеген құқықтарды қорғау болып табылады. Көптеген құқық қорғау құрылымдары өз қызметін саяси және азаматтық бағыттарға бөліп қарастыру қажет деп санайды. Құқық қорғаушылар өздерін, әдетте, азаматтық белсенділік аясында деп есептейді. Мұндай бөлініс әрқашан нақты айқындалмаса да, оның мәні зор. Бұл – құқықты қорғау әмбебап құндылық болып табылатындығында. Осы себепті құқық қорғаушылар кез келген құқықты қорғауды жалпыға ортақ міндет ретінде қабылдайды. Осы мақсатта түрлі коалициялар, қозғалыстар мен одақтар құрылады. Бүгінде Қазақстан Республикасының әрбір азаматы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мақсат тұтатын құқық қорғау ұйымдары туралы кем дегенде бір рет естіген болар. Мұндай ұйымдар табыс табуды көздемейді және олардың барлық қызметі ізгілік қағидаттарына негізделеді. Қазақстанда құқық қорғау ұйымдарын, әдетте, оппозициялық құрылымдар құрады.

Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау ұйымдарының қызметі бір нақты реттеу саласына бағытталған. Бұл – мемлекеттегі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саясаты. Бұл салаға мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе әрекетсіздіктері арқылы азаматтардың құқықтарының бұзылуы, оның ішінде заңсыз бас бостандығынан айыру жағдайлары кіреді. Мұндай ұйымдардың негізгі міндеттеріне мыналар жатады: – адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау; – азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және адам құқықтарын құрметтеуге бағытталған құндылықтарды насихаттау; – елдің түрлі өңірлеріндегі құқықтық ахуалды сараптау және оны басқа елдермен салыстыру. Құқық қорғау ұйымының ең маңызды әрі міндетті қызметі – заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ әртүрлі бірлестіктерден келіп түскен өтініштерді уақытылы қарау. Бұл өтініштерде, әдетте, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен халықаралық және ұлттық заңнамаларда бекітілген құқықтардың бұзылғаны жөнінде нақты деректер көрсетіледі.

Құқық қорғау ұйымдары өтініш иелерін олардың заңды құқықтары туралы хабардар етіп, құқықтық қорғау мүмкіндіктері бойынша кеңес береді. Сонымен қатар, олар медиация немесе басқа да келісім рәсімдері арқылы тараптар арасында делдал бола алады. Өтініштер жан-жақты зерттелгеннен кейін, құқық қорғау ұйымы тиісті мекемеге қатысты тергеуді бастауға құқылы. Бұл ретте адам құқықтарының бұзылғаны жөнінде дәлелдер жинақталуы тиіс. Дәлелдер жиналғаннан кейін, құқық қорғау ұйымдары уәкілетті органдарға (сот немесе прокуратура) шағым түсіреді. Егер ішкі сот инстанциялары істі қараудан бас тартса, онда өтініш халықаралық құқық қорғау ұйымдарына жолданады.

Осыдан кейін құқық қорғау ұйымдары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе басқа жолдармен уәкілетті органның әрекетсіздігі туралы ақпарат таратады. Бұл құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер жария түрде ұсынылады. Айта кетерлігі, кей жағдайда құқық қорғау ұйымдары сот процестеріне де қатысады, әсіресе адам заңсыз жауапкершілікке тартылған деп есептеген жағдайда (қылмыстық немесе әкімшілік). Құқық қорғау ұйымдарының тағы бір маңызды міндеті – құқықтық және ақпараттық материалдарды жинақтап, оларды өңдеу мен тарату. Мұндай материалдар қатарына: Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы (сонымен қатар халықаралық құқықтың нормалары), заңнамаға түсіндірмелер, сот шешімдері мен олардың интерпретациясы, сондай-ақ адам құқықтарын қорғауға бағытталған ішкі және халықаралық тетіктер туралы мәліметтер кіреді.

Бұдан бөлек, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары ағартушылық және білім беру жұмыстарымен де айналысады. Осы бағытта олар түрлі ақпараттық парақшалар, аудио-видео жазбалар, фильмдер, әдістемелік құралдар, оқыту бағдарламалары және тағы басқа материалдар шығарады. Сондай-ақ жастарға арналған арнайы семинарлар, дәрістер мен конкурстар ұйымдастырылады [39].

Демократиялық және гуманистік қоғам жағдайында үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының қылмыстық-атқару жүйесіндегі рөлі айрықша маңызға ие. Мұндай ұйымдар бостандықтан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан тұлғалардың мұқтаждықтары мен мәселелерін мемлекетке және халықаралық қауымдастыққа жеткізіп отырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметіне қоғамдық бақылау жүргізіп, халықтың жергілікті және халықаралық деңгейдегі қоғамдық өмірге белсенді қатысуына ықпал етеді.

Бұл ұйымдар түрлі, соның ішінде жаһандық сипаттағы өзекті мәселелерге сараптамалық бағалау жасап, талдау жүргізеді, сондай-ақ «ерте ескерту» тетігі ретінде әрекет етіп, халықаралық келісімдердің орындалуын және адам құқықтарының сақталуын бақылауға жәрдемдеседі. Қоғамдық бақылаудың қажеттілігі бірқатар факторлармен түсіндіріледі.

Біріншіден, қылмыстық-атқару жүйесінің ауқымы өте кең. Қазақстан Республикасында бұл жүйенің ықпалына жүздеген мың азаматтар түседі. Мұндай ауқымды адамдар санымен жұмыс істейтін жүйе қылмыстық жазаларды орындауға және өзге де міндеттерді іске асыруға бағытталғандықтан, қоғам мекемелер ішіндегі жағдайды, жалпыадамзаттық құқықтардың қаншалықты сақталып жатқанын білуге құқылы. Екіншіден, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін бақылау – әлеуметтік-құқықтық маңызға ие. Бұл бақылау жазаларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, мұндай бақылау күдіктілер, айыпталушылар және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Егер бақылау жеткіліксіз болса, адам құқықтарының бұзылу жағдайлары жиі кездесуі мүмкін, бұл – құқықтық мемлекетте жол берілмейтін құбылыс, себебі қылмыс жасаған адам да ең алдымен тұлға болып қала береді және оған адам ретінде құрметпен қарау қажет.

Адамның құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету – Қазақстан қатысушы болып табылатын бірқатар халықаралық келісімдерде басым міндет ретінде белгіленген. Төртіншіден, қылмыстық-атқару жүйесін бақылау заң бұзушылықтардың себептері мен алғышарттарын анықтап, жоюға септігін тигізеді.

Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жүргізетін бақылауы салыстырмалы түрде тәуелсіз сипатта болады. Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары деп азаматтардың бастамасымен құрылған, ерікті, өзін-өзі басқаратын және коммерциялық емес құрылымдар түсініледі. Бұл ұйымдардың негізгі мақсаты – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Олар халықаралық және ұлттық деңгейде әрекет ететін екі түрге бөлінеді.

Халықаралық бақылау – сотталғандарға қатысты халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етудің басты тетігі болып есептеледі. Халықаралық үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары (бұдан әрі – ХҮЕКҰ) қандай да бір мемлекетке немесе үкіметаралық органға бағынбайды, саяси көзқарас пен діни идеологияны насихаттамайды. Олардың негізгі миссиясы – қамауда отырған тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаптауға, адамгершілікке жат және қорлайтын жаза түрлеріне қарсы күрес жүргізу [40].

Халықаралық үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарына келесілерді жатқызуға болады: «Amnesty International» (Халықаралық Амнистия), «Penal Reform International» (Халықаралық түрме реформасы), «International Society for Human Rights» (Адам құқықтары жөніндегі халықаралық қоғам), «World Organisation Against Torture» (Азаптауға қарсы дүниежүзілік ұйым) және басқа

да ұйымдар. Аталған ұйымдар қылмыстық жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне мониторинг жүргізіп, олардың арнайы контингентпен жұмыс жасауында халықаралық стандарттарға сәйкестігін анықтауға қатысады [41].

Бұдан әрі, тергеу изоляторларында ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған құқық қорғау ұйымдарына назар аударайық.

Қазақстанда азаптаулардың, адамгершілікке жат, қатыгез не қадір-қасиетті қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) жұмыс істейді. Бұл тетік ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың қызметі арқылы іске асады [42].

ҰАТ шеңберінде оның қатысушылары қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелер мен орындарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өзге де ұйымдарға (бұдан әрі – алдын алу сапарлары) бара алады.

Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар қатарында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ үйлестіру кеңесі іріктеген қоғамдық бақылау комиссиялары мен қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер бар.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жұмысын үйлестіреді, әрі олардың біліктілігі мен кәсіби дайындығын арттыру бағытында заңнамаға сәйкес шаралар қабылдайды.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап өзін құқықтық әрі демократиялық мемлекет ретінде көрсетті және адамды, оның өмірі мен құқықтарын ең жоғарғы құндылықтар қатарына қойды. Бұл контексте адамның жеке басының қауіпсіздігі, азаптауға және адамгершілікке жат, қатыгез не қорлайтын қатынасқа ұшырамауы – Қазақстан Конституциясымен кепілденген маңызды құқықтардың бірі болып табылады [43].

Осы құқықтық қағидаттарға сүйене отырып, Қазақстан 2008 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауларға қарсы Конвенциясына қосымша Факультативтік хаттаманы ратификациялады. Бұл Хаттаманы бекіту арқылы Қазақстан ҰАТ құру жөнінде халықаралық міндеттемелерді өз мойнына алды.

Ұлттық алдын алу тетігі – бұл тергеу изоляторларына, уақытша ұстау изоляторларына және басқа да ұқсас мекемелерге тәуелсіз сарапшылардың жүйелі түрде барып тұруын көздейтін, азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынастың алдын алуға бағытталған бақылау жүйесі. Қазақстан Республикасы өзіне алған халықаралық міндеттемелерді іске асыру мақсатында ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіру үдерісін қолға алып, Ұлттық алдын алу тетігін (ҰАТ) құру жөніндегі заң жобасын әзірлеуге кірісті. Бұл

маңызды құқықтық бастаманы дайындауға Үкімет пен Парламент, Жоғарғы Сот, Конституциялық Кеңес, Президент Әкімшілігі, Бас прокуратура, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты, сондай-ақ бірқатар халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар белсенді қатысты. Жұмыс тобының құрамына 13 үкіметтік емес ұйым мен 4 халықаралық ұйымның өкілдері енді. Сонымен қатар, азаматтық қоғамның өзге де субъектілері бұл үдеріске кеңінен тартылды. Заң жобасын талқылау кезеңдері Үкімет пен Парламент алаңдарында, сондай-ақ арнайы ұйымдастырылған конференциялар мен дөңгелек үстелдер форматында өткізілді. Тіпті түзету мекемелерінде көшпелі отырыстар ұйымдастырылды. Осы бірлескен жұмыстың нәтижесінде 2012 жылы заң жобасы Парламент Мәжілісіне қоғамдық талқылау үшін енгізілді. Заңнамалық үдерісте БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің Алдын алу қосалқы комитетімен тығыз байланыс орнатылды. Бұл комитет «бостандықтан айыру орындары» ұғымын және Әділет министрлігінің рөлін түсіндіру бойынша маңызды ұсыныстар берді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейте отырып, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының Орталық Азиядағы өкілдігімен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астанадағы орталығымен, сондай-ақ Халықаралық түрме реформасының өңірлік бөлімшесімен тұрақты серіктестік қарым-қатынас орнатты. Осы көпжақты ынтымақтастық пен құқықтық реформалар нәтижесінде 2013 жылғы 2 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті «Ұлттық алдын алу тетігін құру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Осы тарихи сәтпен Қазақстанда құқықтық институт ретінде «Омбудсмен+» моделіне негізделген ҰАТ құрылды. Бұл модель омбудсменнің үйлестіруімен үкіметтік емес және азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп әрекет етуді көздейді.

ҰАТ құрылғаннан кейін Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті кеңейтіліп, оның мәртебесі ел ішінде де, халықаралық деңгейде де едәуір нығайтылды [44].

Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) қызметі шеңберінде Қазақстан аумағындағы жабық мекемелердегі ұстау жағдайларын жақсарту бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, бірқатар өңірлерде медициналық кабинеттер жаңғыртылып, қызметкерлерді гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып іріктеу тәжірибесі енгізілді. Мәселен, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы уақытша ұстау изоляторларында, арнайы қабылдау мекемелерінде және кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ер және әйел қызметкерлердің теңдей қатысуы қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында ҰАТ

мүшелері тарапынан берілген ұсынымдар негізінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға бейімделген инфрақұрылымның дамуына серпін берілді.

Бұдан бөлек, Астана қаласы мен Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарындағы түзету мекемелерінде жүргізілген ҰАТ өкілдерінің кешенді тексеру іс-шараларының нәтижесінде наразылық әрекеттерінің, өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының және арнайы құралдардың қолданылуының көрсеткіші айтарлықтай азайып, кейбір мекемелерде мүлде тіркелмеген. Бұл деректер ҰАТ-тың алдын алу сипатына негізделген тәсілдерінің тиімділігін көрсетеді және жазалау сипатындағы шараларға балама ретінде оның қолдану мүмкіндігін айқын дәлелдейді.

Ұсыныстарды уәкілетті мемлекеттік органдар мен жұртшылыққа жеткізудің түрлі тәсілдері қарастырылған. Мысалы, ұсыныстар мен олардың орындалуына жүргізілген жұмыстардың жүйелі түрде талданған қорытындылары НППМ мүшелерінің жыл сайынғы жиынтық есептерінде көрсетіледі. Сонымен қатар, әрбір мекемеге барғаннан кейін, сол мекеме әкімшілігіне ұсыныстар жіберіледі.

2023 жылы ҰАМ мүшелері 461 алдын алу іс-шарасын өткізді, оның ішінде 422-сі жоспарлы, 33-і арнайы сипаттағы болды. Барлығы 474 объекті мониторингпен қамтылды. Бұл объектілер – ішкі істер, ағарту, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, қорғаныс министрліктерінің, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мекемелері.

Мониторинг нәтижесі бойынша мемлекеттік органдарға 3 000-нан астам ұсыныс енгізілді, олардың шамамен 40%-ы орындалды. Ұсыныстардың басым бөлігі ұстау жағдайлары, жеке заттарды сатып алу, құқықтық ақпараттандыру, медициналық қамтамасыз ету және санитарлық нормалардың сақталуы сияқты мәселелерге қатысты болды [45].

Жалпы алғанда, азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің үйлестірушілік рөлімен жүзеге асырылатын елдегі барлық жабық мекемелерге мониторинг жүргізудің таңдалған моделі азаптау және басқа да қатыгез немесе адам қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттердің алдын алу ісінде өз тиімділігін жылдан-жылға дәлелдеуде. Қазақстандық ұлттық алды алу механизмі (бұдан әрі-ҰАМ) моделі халықаралық құқық қорғау қауымдастығы тарапынан бірнеше рет жоғары бағаланды. Шетелдік сарапшылардың ерекше қызығушылығын тудырып отырған жайт – ҰАМ мүшелері тарапынан жабық мекемелерге жыл сайын жасалатын алдын алу шараларының ауқымды көлемі. Мұндай нәтижеге ҰАМ құрылымының кең көлемде таралуы мен еліміздің әр өңірінде арнайы топтардың құрылуы есебінен қол жеткізіліп отыр, бұл тәжірибе бірегей болып саналады. Ашық айтқанда, Қазақстанның ҰАМ дамыту және жүзеге асыру тәжірибесі өңірдегі өзге мемлекеттер үшін үлгілік модель ретінде қарастырылып келеді.

Қол жеткізілген оң нәтижелерге қарамастан, Қазақстандағы Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) қызметін жетілдіру қажеттілігі сақталып отыр. Атап айтқанда, қазіргі таңда ҰАТ-қа арналған жеке заңнамалық актіні қабылдау мәселесі толық шешімін таппаған. Дегенмен, ҰАТ жөніндегі нормалардың түрлі заңдар мен кодекстерде бөлшектеліп көрініс табуы бұл институттың құқықтық танымалдылығын арттыруда белгілі бір рөл атқарады. Сонымен қатар, ҰАТ-тың алдында тұрған өзекті міндеттердің қатарына оның институционалдық тәуелсіздігін күшейту мәселесі жатады. Мәселен, қаржыландыру мәселелерін шешу құзыретін ҰАТ үйлестіру кеңесіне беру қажеттігі туындап отыр. Бұдан бөлек, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы арнайы заң қабылдау арқылы оның ҰАТ қызметін үйлестіру функциясын ресми түрде бекіту және осы бағытта тұрақты негізде жұмыс істейтін құрылымдық бөлімше құру арқылы кадрлық әлеуетін арттыру ұсынылады. Осы себепті де, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының қызметіне үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының (бұдан әрі- ҰЕҰ) араласуы айрықша маңызды болып саналады. ҰЕҰ мекемелердің жіберіп жатқан қателіктерін түзетуге көмектесіп, бас бостандығынан айырылған азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға, олардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алайда, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары үшін бұл жабық мекемелер жүйесінде тексеру жүргізу тәртібі өте күрделі, бұл олардың жұмысын айтарлықтай қиындатады. Осыған байланысты, мен қылмыстық-атқару жүйесін ҰЕҰ үшін неғұрлым ашық ету туралы ұсыныс білдіремін, алайда бұл ретте екпінді отандық ҰЕҰ-ға беру керек, ал халықаралық ұйымдардың мәртебесін бұрынғы деңгейде қалдыру қажет, себебі кейбір шет мемлекеттер тарапынан тыңшылық әрекеттер орын алуы мүмкін.

Құқық қорғау ұйымдары бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың қандай қиындықтарға тап болатынын жария ету арқылы қарапайым азаматтарға қызметкерлердің жұмысы, олардың заңдылықты сақтау деңгейі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінде құқықтар мен заңды мүдделердің сақталуы туралы шынайы ақпарат жеткізе алады.

Сонымен қатар, бұл ұйымдардың тәуелсіздігі мемлекеттік билік өкілдерінің қандай да бір заң бұзушылық фактілерін жасыруына немесе үкіметтік емес ұйым мүшелеріне қысым жасауына жол бермейді, ал халық өз кезегінде нақты деректер мен статистикалық көрсеткіштермен таныса алады. Бұл реформа елімізде заңды құқықтар мен бостандықтарды әртараптандырылған және толыққанды бақылауды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері тарапынан құқық бұзушылықтар статистикасын төмендету үшін қажет.

Осылайша, жазаны орындайтын мекемелер мен органдар қызметіне қоғамды тарту – адамның бостандықтан мәжбүрлі түрде айырылған жерлерде құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылау жүргізудің маңызды құралы болып табылады, сондықтан үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары қазіргі заманда айтарлықтай орынды иеленеді. Қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі өзара тиімді ынтымақтастығы – дамыған демократияның сөзсіз белгісі.

3.3. Қамауда ұстау жүйесін реформалау перспективалары

Қазақстан Республикасының қылмыстық жазаларды тағайындау және орындау саласындағы құқықтық саясатын дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттер кезең-кезеңімен, Үкімет бекіткен ведомствоаралық бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы іске асырылып отырды.

Бұл бағдарламалардың алғашқысы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қазандағы №1199 қаулысымен мақұлданған, Ішкі істер министрлігіне қарасты қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін және Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеу изоляторларын материалдық-техникалық әрі әлеуметтік-құқықтық қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарлама (2000 жылға дейінгі кезеңге арналған), сондай-ақ «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы» осы бағдарламаның аясында бекітілді [46].

Ұсынылған тұжырымдамада сотталғандарды ұстау жағдайларын саралау, халықаралық стандарттар мен нормаларды ұлттық заңнамаға бейімдеу, жазаны өтеудің баламалы түрлерін енгізу, сондай-ақ түзеу үдерісіне жаңа тәсілдерді қолдану қарастырылды. Бағдарлама аясында арнайы арест үйлерін салу, түзету мекемелеріне психолог мамандарды енгізу, діни және қоғамдық ұйымдармен серіктестік орнату, сондай-ақ ҚАЖ қызметкерлеріне арналған медициналық-оңалту орталықтарын ашу көзделген. Дегенмен, бұл бағдарламаның барлық бөлімдерін толығымен жүзеге асыруға қажетті қаржыландыру жеткіліксіз болды. Соған қарамастан, жаңа қылмыстық-атқару заңнамасы қабылданып, әскери нысандар базасында жаңа мекемелердің құрылысы басталды. Сонымен бірге, сотталғандарды түзетудің басты құралы ретінде психологиялық және педагогикалық әдістерге басымдық берілді. Осы тұрғыдан алғанда, бағдарламаның маңыздылығы жоғары болды.

2001 жылғы 22 қаңтарда Үкіметтің №92 қаулысымен тергеу изоляторлары мен түзету мекемелерінің материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталған жаңа бағдарлама қабылданды. Оның негізгі мақсаты – Ішкі істер министрлігіне қарасты мекемелердің инфрақұрылымын жақсарту, инженерлік

күзет жүйелерін жаңғырту, сондай-ақ сотталғандар мен тергеуге алынған тұлғалардың өмір сүру жағдайларын қолданыстағы заң талаптарына сәйкестендіру болды.

Аталған міндеттерді іске асыру үшін: жаңа нысандар салу және барларын қайта құру арқылы камералардың толып кетуін азайту; сотталған азаматтардың жаза мерзімін өз аймақтарында өтеуіне жағдай жасау; тасымалдау санын азайту;

қауіпсіздік деңгейін жоғарылату және құқық бұзушылықтар мен мекемеден қашу жағдайларын болдырмау шаралары қарастырылды.

Бұл мақсаттарға республикалық бюджеттен 4,135 миллион теңге бөлу көзделді. Бағдарлама өзекті мәселелерді шешуге бағытталып, нәтижелі жүзеге асырылды. Келесі кезеңде, 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1376 қаулымен 2004–2006 жылдарға арналған ҚАЖ жүйесін жетілдіру бағдарламасы бекітілді. Бұл құжаттың басты міндеттері ретінде:

- сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз ететін құқықтық базаны нығайту;
- ұстау жағдайларын халықаралық стандарттарға жақындату;
- жаңа мекемелердің құрылысы мен қолданыстағыларды жаңғырту;
- еңбекпен қамтуды арттыру;
- кадрларды даярлау және т.б. анықталды.

Бағдарламаны іске асыру барысында нормативтік-құқықтық база елеулі өзгерістерге ұшырады, материалдық жабдықтау жақсарды, қауіпсіздік жүйесі нығайтылды. Алайда, кейбір жоспарланған тармақтар, әсіресе пробация қызметкерлерінің санын арттыру және пробация қызметі мәртебесін өзгертуге қатысты бөліктер қаржылық шектеулерге байланысты кейінге қалдырылды.

2007 жылғы 6 тамызда қабылданған №673 қаулымен 2007–2009 жылдарға арналған ҚАЖ жүйесін одан әрі дамыту бағдарламасы бекітілді. Ондағы басты мақсат – жүйенің тиімділігін арттыру. Бұл құжатта басқару құрылымын жетілдіру, жазаларды орындаудың сапасын арттыру, әлеуметтік бейімделу тетіктерін енгізу, кадрлық әлеуетті нығайту және жемқорлықты төмендету сияқты бірқатар маңызды міндеттер белгіленген. Дегенмен, бұл бағдарламада бостандықтан айырмайтын жазаларға қатысты шаралар жеткіліксіз қарастырылған. Мәселен, бұл бағыттағы тек екі ғана іс-шара ұсынылған және оған нақты қаржы бөлінбеген.

Жалпы, мемлекеттің құқықтық дамуы көбіне қылмыстық жазаларды орындау саласындағы саяси бағытпен тығыз байланысты. Қылмыстық іс жүргізудің басты мақсаты – заңдылық пен құқықтық тәртіпті орнату ғана емес, сонымен қатар азаматтарды заңсыз айыптаудан және олардың негізгі құқықтарын шектелуден қорғау. Қамауға алу – бұл осындай құқықтық құралдардың бірі, дегенмен ол адам құқықтарына айтарлықтай шектеу қоятыны

ескерілуі тиіс. Сондықтан бұлтартпау шараларын қолдану барысында халықаралық стандарттар сақталуы қажет.

Қазақстанда ҚАЖ-ды реформалау және мекемелердің артық жүктемесін азайтуға бағытталған кешенді шаралар 2000 жылдардың ортасында басталды. Бұл процестің қажеттілігі ТИЗО-ларда орын алған проблемалармен және халықаралық міндеттемелермен байланысты болды. Реформа үш бағытта жүргізілді: нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, қосымша мекемелер салу және тергеу мерзімдерін қысқарту арқылы ТИЗО-дағы адам санын азайту.

2001 жылы ҚАЖ-ды Ішкі істер министрлігінен Әділет министрлігінің қарауына беру реформаның маңызды сатысы болды. Қазақстан бұл бағытта Орталық Азияда алғашқылардың бірі болды. Дегенмен, 2011 жылғы Президент Жарлығымен ҚАЖ қайта ІІМ қарауына өтті. Бұл шешім қоғамдық талқылаусыз қабылданып, халықаралық қауымдастықтың аландаушылығын тудырды.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, бұл өзгеріс халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді және реформаның кері шегінуі ретінде бағаланады. Атап айтқанда, заңгер Данияр Канафин бұл шешімнің азаптауларға қарсы халықаралық нормаларға қайшы екенін атап өтті.

Іс жүзінде бұл өзгерістер пенитенциарлық жүйедегі проблемаларды шеше алмайды, өйткені бұл мәселелер кешенді сипатта және құқық қорғау жүйесінің жалпы күйінің көрінісі. Жазаны орындау қызметін құқық қорғау органына беру сотталғандарды түзету процесінің милитаризациялануына әкеліп, жүйедегі шиеленісті арттырады. Өкінішке қарай, бұл тиімсіз шешім елдің халықаралық беделіне ғана емес, сондай-ақ қоғамның тұрақтылығына, адам құқықтарының сақталуына және заңдылыққа кері әсер етуі мүмкін [47].

2015 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі күшіне енгеннен кейін, бұл заң күдіктіні қамауға алу туралы бұлтартпау шарасын таңдауға қатысты сот тәртібін енгізді. Нәтижесінде тергеу изоляторларында (ТИЗО) ұсталып отырған адамдар саны айтарлықтай азайды. Тергеу изоляторларындағы адамдар санын азайту мақсатында, заңнамалық деңгейде түзеу мекемелерінің аумағында тергеу изоляторы режимінде жұмыс істейтін арнайы үй-жайларды құру мүмкіндігі қарастырылды. Жүзеге асырылған кешенді шаралардың нәтижесінде ТИЗО-да қамауда отырған адамдар саны 1996 жылғы 295 мың адамнан 2008 жылы 133 мың адамға дейін, яғни 2,2 еседен астам қысқарды.

Күдіктілер мен айыпталушыларды ТИЗО-да ұстау жағдайлары айтарлықтай жақсарды. 2007 жылы 6 тамыздағы № 673 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2007–2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамыту бағдарламасы бекітіліп, жүзеге асырылды.

2018 жылы бірқатар министрліктердің: Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2018 жылғы 9 тамыздағы №1245, Бас прокурордың 2018 жылғы 31 шілдедегі №98, Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №499, Қаржы министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі №846, Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 27 шілдедегі №549 бірлескен бұйрықтарының негізінде 2019–2023 жылдарға арналған Қылмыстық-атқару жүйесін дамыту жөніндегі Жол картасы бекітілді. Бұл құжат қылмыстық-атқару жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары, нысандары мен әдістерін, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара байланысын айқындады.

Осы нормативтік актінің ережелері төмендегі стратегиялық бағыттармен негізделді: қылмыстық жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың жұмыс тиімділігін арттыру арқылы оларды еуропалық стандарттарға сәйкестендіру және қоғам дамуының қажеттіліктеріне бейімдеу; бостандықпен байланысты емес жазаларды өтеген адамдар арасында қылмыстың қайталануын азайту, бұл үшін түзеу мекемелерінде әлеуметтік және психологиялық жұмыстардың тиімділігін арттыру және постпенитенциарлық көмек жүйесін дамыту; қамаудағы және бас бостандығынан айырылған адамдардың ұсталуының гуманистік жағдайларын қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау кепілдіктерін күшейту. ТИЗО-лардың өмір сүру кеңістігінде елеулі өзгерістер орын алуы тиіс. Егер жоғарыда көрсетілген тұжырымдама мен бағдарламаларда белгіленген реформалау міндеттерін нақты талдайтын болсақ, ТИЗО-ға қатысты мынадай шаралар айқындалады: ТИЗО қауіпсіздік жүйесін жаңғырту мен оңтайландыру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту; ҚАЖ-ды басқарудың тиімділігін арттыру, қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру; ҚАЖ қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз ету; Күдіктілер мен айыпталушыларды қамаумен алмастыру нұсқасы ретінде олардың тұрғылықты жерінде электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы ұсыныстар әзірлеу; ҚАЖ органдары мен мекемелерінің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, азаматтық қоғам институттарының қатысуына жағдай жасау; Қамауда отырған адамдарға арналған режим талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында олардың ұстау жағдайларын жіктеу; ҚАЖ қызметкерлерін құқықбұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы тұру қабілеттерін дамыту бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ қамаудағы адамдардың құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілеу; ҚАЖ қызметкерлерінің қызмет бабына жатпайтын байланыстарының алдын алу, сотталғандар арасындағы қылмыстық байланыстар мен оларды мекемеден тыс тұлғалармен байланыстырудың алдын алу жүйесін қалыптастыру; ҚАЖ мекемелерінің объектілерін заманауи

инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтау негізінде сотталғандардың құқықбұзушылық әрекеттеріне қарсы тұру жүйесін құру; Арнайы тасымалдауды ұйымдастыру деңгейін арттыру, маршруттарды оңтайландыру және басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестікті жетілдіру; Еуропалық стандарттарға сай келетін жаңа ТИЗО-лар салу және жұмыс істеп тұрған ТИЗО объектілерін қайта жаңарту; Халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа үлгідегі киім-кешекпен толық қамтамасыз ету; Санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету, қамаудағы адамдарға арналған тамақтандыру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру.

Жоғарыда айтылған барлық шаралар ТИЗО-лардың қызметін оңтайландыруға, қылмыстық-атқару жүйесін реформалаудың нақты нәтижелерін іске асыруға, оның дамуына жаңа серпін беруге және халықаралық стандарттарға сай келуіне ықпал етеді. Сонымен қатар бұл реформалар қоғамда қылмыстық субмәдениеттің таралуына жол бермей, ұсталушылардың құқыққа бағынуын ынталандыратын, психология, медицина, педагогика және құқық саласындағы жетістіктерге негізделген жаңа түзеу технологияларын енгізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ҚАЗ қызметкерлерінің материалдық және әлеуметтік-құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға септігін тигізеді.

ТИЗО — жан-жақты, нақты әрі жергілікті деңгейдегі тәсілді талап ететін сала. Сондықтан жоғарыда аталған реформалау бағыттары ТИЗО-лардың болашағына арналған жеке нормативтік құжатта нақты айқындалуы тиіс. Бұл құжат бағдарлама (жоспар) не басқа басқарушылық шешім түрінде қабылдануы қажет. Тергеу изоляторларын реформалау қазіргі заманғы қылмыстық әділет жүйесінің маңызды бағытына айналып отыр. Бұл реформалардың негізгі мақсаты – күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғау, алдын ала қамауда ұстау мерзімін қысқарту және ұстау жағдайларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру. Сонымен қатар, электрондық бақылау құралдарын енгізу мен баламалы бұлтартпау шараларын кеңінен қолдану реформаның тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылуда [48].

Осы орайда, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздік аспектісі мен реформасы бойынша маманы В.В.Лапаев, «Қылмыстық-атқару жүйесінің реформасы қауіпсіздік пен құқықтылық арасындағы балансты сақтауға бағытталуы тиіс. Егер бұл теңгерім бұзылса, жүйе өзінің заңды функцияларын атқара алмайды» деп пайымдайды [49]. Ал қазақстандық ғалым Б.Ж.Омаров, «Қазақстанда қылмыстық-атқару жүйесін реформалау бірізді сипат алғанымен, тергеу изоляторлары деңгейінде нақты құқықтық және инфрақұрылымдық өзгерістер қажет» деп есептейді [50].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қылмыстық іс жүргізу жүйесінде тергеу изоляторларында ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылардың ұйымдық-құқықтық жағдайы – Қазақстан Республикасындағы заң үстемдігін қамтамасыз етудің, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың маңызды тетігі болып табылады. Аталған мәселенің күрделілігі оның тек құқықтық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, институционалдық және моральдық-этикалық аспектілермен өзара тығыз байланыста болуымен айқындалады. Осы диссертациялық зерттеу шеңберінде күдіктілер мен айып тағылған тұлғалардың құқықтық мәртебесінің қалыптасу жолдары, халықаралық құқықтық стандарттардың ұлттық заңнамаға ықпалы, тергеу изоляторларының қызметін реттейтін нормативтік негіздер, сондай-ақ бұл саланы реформалаудың әлеуеті жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыда бағаланды. Зерттеу жұмысының алғашқы бөлімінде күдіктілер мен айыпталушылар институтының тарихи даму кезеңдері сараланып, қазіргі таңда қолданылып жүрген құқықтық нормалардың шығу көздері мен трансформация жолдары айқындалды. Қылмыстық процестегі бұл тұлғалардың құқықтық мәртебесін қалыптастыруда халықаралық құқықтық актілердің, атап айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Сотталғандарға қатынас жасаудың минималды стандартты ережелері және өзге де құжаттардың елеулі үлес қосқаны дәлелденді.

Зерттеу барысында анықталғандай, қазіргі кезеңде Қазақстанда күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары заңмен бекітілген, алайда олардың орындалуы мен іске асырылуы көбіне тергеу изоляторларының нақты жағдайларымен, материалдық-техникалық жарақтандырылуымен, персоналдың кәсіби даярлық деңгейімен тығыз байланысты. Осыған байланысты диссертацияның екінші бөлімінде тергеу изоляторларының нормативтік-

құқықтық базасы мен ұйымдастырушылық құрылымына талдау жасалып, күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен міндеттері, ұстау тәртібі, камералық орналастыру, жеке қауіпсіздік кепілдіктері, медициналық және санитарлық-гигиеналық қызметтерге қол жеткізу мүмкіндіктері жан-жақты зерттелді.

Күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау шарттары жайлы мәселе – адамгершілік және құқықтық нормалар тоғысында тұрған күрделі тақырып. Диссертациялық жұмыс барысында бұл категориядағы азаматтардың ұсталатын жағдайы, тұрмыстық қамтамасыз етілуі, медициналық көмек алуға, заңды өкілдерімен байланысуға, діни қажеттіліктерін өтеуге, хат-хабар алмасуға және басқа да құқықтарын жүзеге асыру мәселелері сараланды. Сонымен қатар, белгілі бір құқықтардың шектелуі жағдайында бұл шектеулердің заңмен белгіленгендігі мен олардың қажетті және ақылға қонымды шеңберде болуы қағидасы айрықша назарға алынды.

Үшінші бөлімде осы саладағы реформалау мәселелері мен болашақтағы даму бағыттары ұсынылды. Атап айтқанда, күдіктілер мен айыпталушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдері, олардың құқықтарын сақтау бағытындағы құқық қорғау ұйымдарының рөлі, сондай-ақ қамауда ұстау жүйесін одан әрі ізгілендіру жолдары қарастырылды. Бұл тұрғыда халықаралық ұйымдардың ұсынымдары мен шетелдік оң тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстанда тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар енгізілді. Атап айтқанда, тергеу изоляторларына арналған жеке даму бағдарламасын қабылдау, азаматтық бақылауды күшейту, қамаудағылардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру ұсынылды.

Қылмыстық-атқару жүйесін реформалау процесінде тек институционалдық өзгерістермен шектеліп қалмай, заңнамалық базаны жетілдіру де шешуші мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, күдікті мен айып тағылған тұлғалардың құқықтық мәртебесін нақтылайтын құқықтық нормаларды жүйелеу, ұлттық заңнаманы халықаралық-құқықтық стандарттармен үйлестіру және аталған құқықтарды іске асырудың нақты механизмдерін бекіту бағытында заңнамалық түзетулер мен толықтырулар енгізудің өзектілігі артып отыр. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар мен тұжырымдар қылмыстық процесс саласындағы адам құқықтарының сақталуының маңызды мәселелерін шешуге және тергеу изоляторларындағы құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге өз үлесін қоса алады. Сонымен қатар, бұл зерттеудің нәтижелері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жетілдіру, құқық қорғау органдары мен тергеу изоляторы қызметкерлерінің қызметін оңтайландыру, сондай-ақ құқық

бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы шараларды іске асыруда практикалық маңызға ие.

Осы жұмыстың барысында жасалған талдау мен ұсыныстар Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының адам құқықтарын қорғау бағытын ұстанатынын тағы бір рет дәлелдейді. Күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау жүйесі тек жазалау немесе оқшаулау құралы ғана емес, сонымен бірге заңдылықты, әділдікті және адамгершілік қағидаттарды сақтаудың негізгі индикаторы ретінде қаралуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған шаралар мен ғылыми негізделген тұжырымдар алдағы уақытта тергеу изоляторларындағы құқықтық режимді жетілдіруге, оның ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Абдраимов, Б.Ж. "История государства и права Казахстана". — Алматы: Жеті Жарғы, 2001. 320 с.
2. Когамов М.Ч. Уголовный процесс Казахстана: актуальные вопросы // Вестник Карагандинского юридического института МВД РК. - 2005. - № 2(12). - С. 10-15.
3. Башкатов Л.Н., Ветрова Г.Н. Участники уголовного судопроизводства на стороне защиты. М.:Юридический центр Пресс, 2002. – 256 с.
4. Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – 1999 ж. 30 наурыз, № 353-І. – [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000353> - жүгінген күні: 12.06.2024.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: ҚР Кодексі. – 2014 ж. 4 шілде, № 231-V. – [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> жүгінген күні: 12.06.2024.
6. Решняк М.Г. Понятие и сущность презумпции невиновности // Ученые труды Российской академии адвокатуры и нотариата. – 2010. – № 2. – С. 54–61.
7. Сулейменов, М.К. "Традиционное право казахов". — Алматы: Наука, 1998. 230 с.
8. Алауханов, Е. Ғ. Қылмыстық процесс: Жалпы бөлім : оқулық / Е. Ғ. Алауханов. — Алматы: Жеті Жарғы, 2013. — 376 б.
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы: - 1995 ж. 30 тамыз, – [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000> жүгінген күні: 15.07.2024).

10.Плотницкий А.В. Применение меры пресечения в виде заключения под стражу к лицу, находящемуся в розыске // Российский следователь. – 2005. - № 3. с. 45–48.

11.Рыжаков А.П. Избрание меры пресечения в отношении лица, подозреваемого в совершении преступления (подозреваемого). Комментарий к ст. 100 УПК РФ. - 2004г. //

12.Ратникова Н.Д. О международных стандартах обращения с подозреваемыми и обвиняемыми, содержащимися под стражей в следственных изоляторах [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_27452075_61695840.pdf жүгінген күні: 16.07.2024

13.Энциклопедия пенитенциарного права / под общ. ред. Р. А. Ромашова. Самара: Самарский юридический институт ФСИН России, 2013. С. 224.

14.Громов, М. А. Организация безопасности в уголовно-исполнительной системе / М. А. Громов. – Рязань : Изд-во Рязанского института права и экономики, 2005. – 148 с.

15. Казак Б.Б., Паршков А.В., Смирнова И.Н. Основы стратегического управления в уголовно-исполнительной системе: монография. – Псков, 2007. – 143 с.

16. Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 505 бұйрығы [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015564> жүгінген күні: 16.07.2024

17.«Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 113қбпұ бұйрығы. [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі:<https://tsnik.kz/kz/normativno-pravovye-akty/114350/> жүгінген күні: 17.08.24

18. Шевченко Д. А. Обеспечение режима в учреждениях УИС: учебно-методическое пособие. – М.: Академия ФСИН России, 2018. – С. 42–45.

19.Абазалиев И.М. Процессуальный статус подозреваемого и обвиняемого в уголовном процессе России: историко-правовой анализ // Юридические исследования. 2018. №2.

20.Бойков А. Ф. Вопросы режима и внутреннего распорядка в следственных изоляторах // Уголовно-исполнительная система: право, экономика, управление. – 2016. – №2. – С. 30–33.

21.Старостин А. А. Учет характеристики личности подозреваемых и обвиняемых в деятельности подразделений охраны и конвоирования ОВД // Психопедагогика в правоохранительных органах. 2016. № 1(64). С. 50–52.

22.Морозов А. С. Религиозное поведение осужденных как средство их исправления // Вестник Томского государственного университета. 2014. № 3. С. 170–174.

23.Прихожая Л. Е. Раздельное содержание различных категорий, осужденных к лишению свободы при конвоировании // Наука молодых – будущее России : сб. науч. статей 3-й Междунар. науч. конф. перспективных разработок молодых ученых : в 6 т. 2018. Курск, 2018. Т. 3. С. 252–255.

24.Захряпин Р. И., Пискунов П. М. Особенности раздельного содержания подозреваемых, обвиняемых в совершении преступлений // Вестник науки. 2021. № 8(41). С. 65–69.

25. Международный пакт о гражданских и политических правах, принят 16.12.1966 Резолюцией 2200 (XXI) на 1496-ом пленарном заседании Генеральной Ассамблеи ООН // СПС «КонсультантПлюс».

26. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> жүгінген күні: 20.07.2024

27.Винницкий Д. В. Права и обязанности подозреваемых и обвиняемых в местах содержания под стражей. – Екатеринбург: УрГЮА, 2012. – С. 56–59.

28.Мальцев А. В. Предупреждение правонарушений в следственных изоляторах: теория и практика. – М.: Юрлитинформ, 2017. – С. 78–81.

29.Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 65 бұйрығы [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014370> жүгінген күні: 21.07.2024

30.Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы № 448 бұйрығы[Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G23C0000448/compare> жүгінген күні: 21.07.2024

31.Даль, В. И. Толковый словарь живого великорусского языка : в 4 т. Т. 1 / В. И. Даль. – М. : Русский язык, 1978. – 670 с.

32.Иванов А. П. Общественный порядок и общественная безопасность в ИТУ. Рязань. 1981. - 112 с.

33.Перегудов А. Г. Понятие обеспечения безопасности, порядка исполнения и отбывания наказания в ИТУ : лекция. Уфа, 1994.- 25 с.

34.Громов М. А. Организация безопасности в уголовно-исполнительной системе. Рязань, 2005. -48 с.

35. Громов М. А. Обеспечение режима и безопасности осужденных в ИК // Человек: преступление и наказание. 1996. № 10.

36. Безопасность в следственном изоляторе как средство обеспечения соблюдения прав подозреваемых и обвиняемых в совершении преступлении [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_54371791_51838357.pdf жүгінген күні: 24.08.2024

37. Лапаев В. В. Безопасность в уголовно-исполнительной системе: теоретико-правовой аспект. – М.: Академия ФСИН России, 2015. – С. 23–26.

38. Беренов А. Р. Шугай Е. Правозащитные организации в России на современном этапе: понятие и функции [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_39135414_69342324.pdf жүгінген күні: 12.09.2024

39. Перрон Ю. В. Правовые основы участия международных неправительственных правозащитных организаций в осуществлении контроля за исполнением уголовных наказаний // Ведомости УИС. 2020. №12 (223). [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-osnovy-uchastiya-mezhdunarodnyh-nepravitelstvennyh-organizatsiy-v-osuschestvlenii-kontrolya-za-ispolneniem-ugolovnyh> жүгінген күні: 14.01.2025

40. Коробова И.Н., Крамчанинова А.П. Правозащитные неправительственные организации, осуществляющие контроль за соблюдением прав и свобод лиц, находящихся в местах принудительного содержания [Электрондық ресурс]. Айналыс режимі: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_49802020_71994149.pdf жүгінген күні: 18.01.2025

41. Кашепов В. П. Международные стандарты обращения с заключенными и их реализация в уголовно-исполнительной системе // Право и безопасность. – 2018. – № 3 (70). – С. 54–59.

42. Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің ресми сайты. Азаптаулардың алдын алудың Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ). – [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/article/details/1708?lang=k> жүгінген күні: 12.04.2025).

43. Сапарғали А.Б Национальный превентивный механизм (НПМ) по предупреждению пыток в Казахстане: сравнительно-правовой анализ [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_37152572_47809121.pdf жүгінген күні: 04.02.2025

44. Более 460 превентивных посещений спецучреждений осуществили участники НПМ [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/news/details/879888?lang=ru> жүгінген күні: 17.02.2025

45. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2022 жылғы жылдық баяндамасы. – Астана, 2023. – 142 б. – Б. 97–100.

46. О передаче уголовно-исполнительной системы в подчинение МВД РК [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: https://www.soros.kz/ru/o_peredache_ugolovnoispolnitelno/ жүгінген күні: 02.03.2025

47. Перспективы функционирования следственных изоляторов в современных условиях [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/news/details/879888?lang=ru> https://elibrary.ru/download/elibrary_15560550_95254952.pdf жүгінген күні: 23.03.2025

48. Рябов М. Ю. Реформирование уголовно-исполнительной системы России: проблемы и перспективы // Уголовно-исполнительное право. – 2020. – № 4. – С. 12–15.

49. Лапаев В.В. Безопасность в уголовно-исполнительной системе: теоретико-правовой аспект. – М.: Академия ФСИН России, 2015. – С. 78.

50. Омаров Б.Ж. Қазақстандағы қылмыстық-атқару жүйесі: құқықтық реформалардың бағыттары // Заң және мемлекет. – 2021. – №2. – 45 б.

ҚОСЫМША 1

Күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми нәтижелерді негіздеу алгоритмі (тергеу изоляторларындағы ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар негізінде)

I. ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ

1. Мәселенің мәнін зерттеу

- Тергеу изоляторларында ұсталып отырған күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарының сақталуына кедергі келтіретін құқықтық олқылықтарды анықтау.
- Құқықтық мәртебесі әртүрлі тұлғаларға – күдіктілер мен айыпталушыларға ҚР 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-І Заңы, ал сотталғандарға ҚР Қылмыстық-атқару кодексі қолданылатынын анықтау.
- Осы айырмашылықтардан туындайтын ұстау тәртібіндегі, телефонмен сөйлесу, кездесу және сәлемдемелер алу сияқты құқықтарды жүзеге асырудағы қиындықтарды талдау.

2. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақтылау

- Тергеу изоляторындағы режимдік талаптардың құқықтық негізін нығайту.
- Әртүрлі құқықтық мәртебедегі тұлғаларға қолданылатын құқықтық режимдердің нақты шекарасын айқындау.
- Ұйымдастырушылық қиындықтардың алдын алу үшін заңнамалық тетіктерді енгізу.

3. Құқықтық және халықаралық базаны талдау

- ҚР ҚПК, ҚР ҚАК және ҚР 30.03.1999 ж. №353-І Заңының нормаларын салыстыру.

- Халықаралық стандарттар: БҰҰ тұтқындармен қарым-қатынас жасау стандарттық ережелері, Еуропа Кеңесінің пенитенциарлық стандарттары.
- Германия, Франция, Норвегия елдеріндегі арнайы блоктарға орналастыру тәжірибесін қарастыру.

II. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢІ

4. Практикалық деректерді жинау және талдау

- Тергеу изоляторларында уақытша ұсталған сотталғандар мен негізгі контингент арасындағы ұстау тәртібі бойынша айырмашылықтар туралы нақты деректер жинау.
- Ұйымдастырушылық қиындықтар туындауы мүмкін жағдайларды (мысалы, сәлемдемелерді беру, телефонмен сөйлесу уақыттары, кездесу құқығы) зерттеу.
- Жергілікті актілер мен тәртіптік комиссиялардың шешімдерін жинақтау.

5. Ғылыми негізделген ұсыныстар мен нақты әрекеттер:

1. ҚР 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 Заңының 37-бабына толықтырулар енгізу:

Тәртіптік жауапкершіліктің жүйелілігін қамтамасыз ету үшін төмендегідей шараларды енгізу ұсынылады: а) Ескерту – тәртіпті алғаш рет бұзған тұлғаларға беріледі. Жазаның жойылу мерзімі 6 ай. ә) Сөгіс – бір реттен артық тәртіп бұзғандарға қолданылады. Жазаның жойылу мерзімі 9 ай. б) Тәртіптік изоляторға 15 тәулікке дейін жабу – ауыр тәртіп бұзушылықтар үшін қолданылады. Жазаның жойылу мерзімі 12 ай.

2. ҚР ҚАК 131-бабын 4-тармақпен толықтыру:

Тергеу изоляторында жазасын өтеуші тұлғаға қолданылған тәртіптік жаза, егер оның мерзімі аяқталмаса, түзеу мекемесінде де жалғасады деген нақты құқықтық норма енгізу ұсынылады.

3. Арнайы оқшауланған блок құруды нормативтік түрде бекіту:

- Тергеу әрекеттеріне қатысу, медициналық көмек алу, экстрадиция жағдайларымен немесе басқа мекемеге ауыстырылған сотталғандарды уақытша ұстауға арналған арнайы оқшауланған блок құру.
- Мұндай блоктарды құру арқылы түрлі құқықтық режимдегі тұлғаларды ажырата ұстау мүмкіндігі пайда болады.
- Бұл шара қауіпсіздікті арттырып, ішкі режимді тұрақтандыруға және әкімшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

III. ҚОРҒАУ КЕЗЕҢІ – ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕЛЕРДІ ТҰЖЫРЫМДАУ

6. Ғылыми тұжырымдарды қорғау және негіздеу

- Ұсынылған ұсыныстар ғылыми жағынан негізделіп, тәжірибелік қажеттіліктерге жауап береді.
- Қылмыстық-атқару жүйесінің тиімділігі мен заңнаманың нақтылығы артады.
- Ұйымдастыру жұмыстары жүйеленіп, адам құқықтарын сақтау толыққанды қамтамасыз етіледі.

7. Қорытынды және болжам

- Заңнамалық өзгерістер тергеу изоляторларындағы құқықтық режимді нығайтып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Ұсыныстар мемлекеттік бюджетті үнемдеуге, сотталғандардың құқықтарын нақты регламентпен қамтамасыз етуге, әкімшілік жұмысты оңтайландыруға ықпал етеді.